

**ҮЗІЛГЕН КЕЛІСІМ, КҮШЕЙГЕН КҮДІК**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**ТОЙЫМЫЗ ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?**

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**«АБАЙМЕН» АШАДЫ**

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа.

№106
(4539)
Бейсенбі
7 қыркүйек
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



3

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Ұлттық құндылығымыздың бір көрсеткіші – ұлттық спорт түрлері. Қазақ елі үшін бәйге, көкпар тарту, күрес, асық ату, тоғызқұмалақ сайыстары тарихи әрі рухани мұра саналады. Астанада басталған ұлттық спорт түрлерінің фестивалі сол ұлттық ұлағатты айшықтаған алқалы шараға айналды. Еліміздің барлық өңірінен келген 1300 қатысушы 11 түрлі сайысқа түсіп жатыр.

***Бас қалада 9 мыңға жуық абонент газға қосылды.***

Елорданың «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Теміржол», «Өнеркәсіптік», «Оңтүстік-Шығыстың» оң жағы мен сол жағы, «Күйгенжар», «Мичурино», «Интернациональный» тұрғын алаптарында, сондай-ақ «Ақбидай», «Қазақауыл» шағын аудандарында және қаланың ескі бөлігінде – Потанин көшесі аумағында газ тартылып болды. Көгілдір отынға 8,8 мыңнан аса абонент қосылды. Сондай-ақ 1, 2-ЖЭО-ның 16 қазандығы газға ауысты. Газға қаладағы 18 әлеуметтік нысан қосылған. Әлеуметтік нысандарды дизель отынынан газға ауыстыру өткен жылыту маусымы үшін 977 млн теңге сомасында бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік берді. 2024 жылы 300 мыңға жуық астаналық тұрғын газбен қамтамасыз етілмек.

***

***Бүгін елордада бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді.***

Жәрмеңкеде 650-ден аса бос жұмыс орны ұсынылады. Шара 7 қыркүйек күні сағат 14:30-дан 17:00-ге дейін Жастар сарайында (Республика даңғылы, 34) өтеді.

***

***Елордадағы Республика даңғылының бір бөлігі жөндеу жұмысына байланысты үш күнге жабылады.***

«Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Республика даңғылы бойындағы жол төсеміне орташа жөндеу жұмысы жүргізіледі. Осыған байланысты 8-10 қыркүйек аралығында Ж.Тәшенов көшесінен А.Иманов көшесіне дейінгі учаскеде автокөлік құралдары үшін қозғалыс ішінара жабылады» делінген Астана қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарламасында.

Астана қаласы Полиция департаменті елорда тұрғындары мен қонақтарына қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет екенін ескертеді.

## АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!

Бүгін, 7 қыркүйекте, «Астана Арена» стадионында сағат 20:00-де Еуро-2024 турнирінің іріктеу кезеңі аясында Қазақстан мен Финляндия құрамаларының кездесуі өтеді. Астана қаласының әкімдігі футбол матчына байланысты қала тұрғындарына үндеу жасады.



«Бұл біздің команда үшін Еуро-2024 чемпионатына жолдама тағдырын шешетін матчтың бірі болмақ. Қазірдің өзінде 30000-ға жуық билет сатылып үлгерді. Стадионда аншлаг болады деп болжанып отыр. Ойын «Астана Арена» стадионында өтетіндіктен, Тұран және Қабанбай батыр даңғылдарында кептелісті болдырмау үшін жүргізушілерден жүру бағытын алдын ала жоспарлауды сұраймыз» делінген хабарламада.

Сонымен қатар жанкүйерлер тарапынан қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырды. Қазақстан құрамасы әзірге турнир кестесінде көш бастап келеді.

Астанада жас отбасыларға арналған зияткерлік байқау өтеді.

## ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Байқауға елордада тұратын, некесі ресми тіркелген 35 жасқа дейінгі ерлі-зайыптылар қатыса алады. Зияткерлік сайысқа қатысу үшін 8 қыркүйекке дейін @ elorda_jastary Instagram аккаунтына жазылып, тіркелу керек.



№106 (4539) 07/09/2023 Бейсенбі

# КЕЗ КЕЛГЕН СЫН-ҚАТЕРГЕ ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында «Батыл тойтарыс-2023» стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жиыны өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев оқу-жаттығу жиынын бақылау мұнарасынан тамашалады. Әскери әдіс-тәсілдер көрсетер алдында Мемлекет басшысына генерал-майорлар Болат Жорабаев пен Алмаз Жұмакеев қорғаныс операциясы кезіндегі Арнаулы операциялар күштері мен Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әрекеті жөнінде баяндады.

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің бригадалық-тактикалық топтары авиацияның қолдауымен, сондай-ақ Құрлық әскерлері және Арнаулы операциялар күштерінің бөлімшелерімен бірлесе отырып, судан өту арқылы қарсы жағалаудағы жау шебін басып алу үшін тактикалық іс-қимыл жүргізді.

Ал Арнаулы операциялар күштері мен Ұлттық ұлан бөлімшелері шартты жау қолына өткен Қапшағай ГЭС-ін азат етті. Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері техногендік апат салдарын жоюмен айналысып, халыққа гуманитарлық көмек көрсету міндетін атқарды.

Қарулы Күштердің Бас штабы әзірлеген бірыңғай жоспар мен мақсатқа сәйкес әскерлер оқу-жаттығу жиыны өтетін аудандарға стратегиялық тұрғыда қайта топтастырылды. Атап айтқанда, Әскери-теңіз күштері авиацияның және Арнаулы операциялар күштерінің қолдауымен Каспий теңізі акваториясындағы экономикалық қызмет нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Абай облыстарындағы полигондарда да осындай оқу-жауынгерлік міндеттер орындалды.

Жауынгерлік әдіс-тәсілдер көрсетілімі аяқталғаннан кейін Жоғарғы Бас қолбасшы әскери қызметшілер алдында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы оқу-жаттығу жиынына жұмылдырылған бөлімшелердің дайындық деңгейіне оң баға берді. Сонымен қатар Президент бұл оқу-жаттығу жиындары күрделі геосаяси кезеңде өткізіліп отырғанына назар аударды.

«Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе, гибридтік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет. Бұл – заманауи әрі кәсіби әскерге қойылатын басты талап. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Қазақстан. Елімізді, жерімізді, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды қорғау – баршамызға ортақ қасиетті парыз!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президенттің пікірінше, біздің әскеріміз кәсіби деңгейі жоғары, ұтқыр және ең күрделі жауынгерлік тапсырмаларды орындауға дайын болуы қажет.

«Ол үшін әскерді жоғары технологиялық қару-жарақпен және сапалы әскери техникамен жарақтандыру, оқ-дәрілермен толықтай қамтамасыз ету айрықша маңызды. Жақында жариялаған Жолдауымда мен жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс циклін құруды тапсырдым. Бронды техника, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттары, заманауи атыс қарулары – мұның бәрін біз өзімізде шығара аламыз және шығаруымыз керек. Жалпы, қорғаныс-өнеркәсіп кешені әскеріміздің жауынгерлік қабілетіне сенімді тірек болуы қажет» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев офицерлер мен жеке құрамның жауынгерлік машығы мен моральдық рухының жоғары болуы Қарулы Күштер тиімділігінің басты факторы екенін айтты.

«Әскери даярлыққа және командирлердің кәсібилігіне жоғары талап қойылады. Сондықтан қазіргі заманғы ұрыс жағдайында бөлімшелер негізгі күштен бөлек, дербес әрекет етуге дайын болуы қажет. Командирлер мен бастықтар батыл шешім қабылдап немесе орынды бастама көтеріп, берілген тапсырманы орындау үшін тың тәсіл қолдануы керек. Олар батылдығымен, төзімділігімен және антқа беріктігімен көпке үлгі болуы қажет. Әскердің күші – тәртіпте! Бұл ретте командирлердің атқаратын рөлі ерекше. Қарулы Күштердегі дайындықтың жоғары деңгейін, өзара үйлесімділікті және қатаң тәртіпті сақтау қажет. Әрбір сарбаз өзіне сеніп тапсырылған қару мен техниканы жетік меңгеріп, оларды ұрыста шебер қолданып, жедел шешім қабылдап, батылдық танытуы керек» деп сөзін түйіндеді Президент.

Мемлекет басшысы Арнаулы операциялар күштерінің қолбасшылығына Жауынгерлік туды салтанатты түрде табыс етті. «Батыл тойтарыс-2023» оқу-жаттығу жиыны барысында мемлекеттік және әскери басқару органдарының қорғаныс операциясын орындауға дайындығы тексерілді. Әскер барлық деңгейдегі штабтарда қабылданған шешімдерді толық жүзеге асырды. Оқу-жаттығу жиынына барлығы 8 мың әскери қызметші жұмылдырылып, 600 әскери техника мен қару-жарақ пайдаланылды.

***

Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Батыл тойтарыс – 2023» оқу-жаттығу жиыны өтетін жерге келген соң Бас штабтың алдыңғы шептегі басқару пунктін аралап көріп, шұғыл кеңес өткізді.

Бас штабтың бастығы, генерал-лейтенант Марат Құсайынов жалпы ахуал жөнінде баяндады. Содан кейін Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр бейнебайланыс режимінде еліміздің қорғаныс әлеуетін арттыру үшін әзірленген шаралар туралы баяндама жасады.

Ал әскер түрлерінің бас қолбасшылары және «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, сондай-ақ Абай облысының әкімі мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің міндетін атқарушы өздеріне сеніп тапсырылған аумақтағы жүктелген міндеттердің орындалу барысы жөнінде баяндады. Кеңес барысында Президент армияны жоғары технологиялық қару-жарақпен және әскери техникамен қамтасыз ету қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенін нығайтудың маңызына назар аударды.

***

Оқу-жаттығу жиыны барысында Мемлекет басшысы – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа отандық қорғаныс өнеркәсібі кешені кәсіпорындарының қару-жарақ пен әскери техника шығару және жөндеу мүмкіндіктері таныстырылды. Атап айтқанда, далада ұйымдастырылған арнайы алаңқайда Орталық Азия аймағындағы бронды техникаларды жөндеуге маманданған жалғыз «Семей инжиниринг» (Семей) зауыты бронды жөндеу-эвакуациялық транспорттау машинасын пайдалана отырып, ұрыста зақымданған техниканы қайта қалпына келтіру барысын көрсетті.

«Navyco» компаниясының өкілі (Астана) бронды техниканы қалпына келтіруге арналған агрегаттардың дала жағдайында қалай ауыстырылатыны, ал «КамАЗ Инжиниринг» (Көкшетау) және «№405 авиажөндеу зауыты» (Алматы) кәсіпорындары әскери техниканы құрастыру, қалпына келтіру мүмкіндіктері жөнінде мәлімет берді. Көрмеге Қазақстан мен Түркияның «Қазақстан Aselsan инжиниринг» (Астана) бірлескен кәсіпорны, «Восток Полимер Снаб» ЖШС (Өскемен), «Universal-Build» ЖШС (Алматы), «Energy General» ЖК (Алматы) және басқа да кәсіпорындардың өнімдері қойылды. Бұдан бөлек, Президентке түркиялық «Otakar» компаниясы шығаратын ARMA бронды машинасының су кедергілерінен өту мүмкіндіктері таныстырылды. Көрмені аралап көрген Мемлекет басшысы отандық қорғаныс өнеркәсібінің әлеуетін арттыру маңызды екенін атап өтті.

# БАС ҚАЛАНЫҢ ДАМУ БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде есеп берілді.



Мемлекет басшысына барлық негізгі экономикалық көрсеткіш бойынша оң динамика байқалатыны жайында мәлімет берілді. Биылғы 7 айда инвестиция көлемі 9,2 пайызға ұлғайып, 678,5 миллиард теңгеге жетті. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 87 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Оның 15 жобасы өңдеу өнеркәсібі саласында жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысына қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандар құрылысының барысы туралы баяндалды. Газбен жылыту станциялары мен 3-ЖЭО алдағы жылыту маусымында іске қосылады деп жоспарланып отыр. Олар сағатына 1100 Гкал жылу береді. Бұл елордада жылу энергиясына деген сұранысты артығымен қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Бұдан бөлек, қала әкімі әлеуметтік нысандар салу (мектептер, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үйлер, медициналық орталықтар), ұзаққа созылған құрылыстарды аяқтау, апатты жағдайдағы және ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй алаптарын дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру жайында айтты. Сондай-ақ биылғы оқу жылында Астанада 11 мектеп салынатынын, оның төртеуі қазір жұмыс істеп жатқанын жеткізді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 90 мыңға жуық оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Оның 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл және Нұра аудандарында бой көтермек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын одан әрі дамытуға, жылыту маусымына дайындығына және абаттандыру жұмыстарына қатысты бірқатар тапсырма берді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевты қабылдады. Кездесу барысында Президент жаңа экологиялық заңнаманы жүзеге асыруға және табиғи ресурстарды сақтауға қатысты бірқатар тапсырма берді. Президент ірі кәсіпорындардың шығарындыларын азайту жөніндегі жоспардың іске асырылуын, сондай-ақ осы нысандардағы шығарындыларға мониторинг жасау үшін автоматтандырылған жүйе енгізу ісін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

# БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы министрлікке қарасты ведомстволық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту және ұлттық парктердегі орман өртінің ошақтарын ерте анықтау жүйелерін тезірек енгізу, сондай-ақ орман шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ағаш отырғызуға қатысты ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру және ретсіз пайда болған қоқыс полигондары мәселесін шешудің кешенді тәсілдерін әзірлеу маңызды екеніне назар аударды.






# ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ БАСТАЛДЫ

Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен Қазақстан халқы тілдері күніне орай Астанадағы «Қаламгерлер» аллеясындағы «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. «Тіл – ұлттың қазынасы» атауын алған бұл шарамен елордада екі аптаға жалғасатын тілдер мерекесі басталды.



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Аталмыш шараға белгілі ғалымдар мен қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары, студенттер, мектеп оқушылары қатысты. Академик Ғарифолла Есім жиналған қауымды тілдер күнімен құттықтап, Ахмет Байтұрсынұлының ұлтқа сіңірген үлкен еңбегіне тоқталды.

«Ғалымның ұшан-теңіз еңбегі ұлт жүрегінен орын тапқандықтан, халқы «Ұлттың рухани көсемі» деп ардақтап ат берді. Ахмет Байтұрсынұлы бар біз бақытты халықпыз. Сол бақытымызды қадірлей білейік, ағайын! Қазақ барда қазақ тілі болады. Ал тілді сақтау – әрбір адамның азаматтық борышы» деді академик.

Белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай Алаш мұрасы туралы тұшымды пікірін айтты.

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің айтуынша, тілдер мерекесі аясында бас қалада ірілі-ұсақты 200-ге жуық шара өтеді. Аталмыш басқарма осы жылға дөп түсіп отырған Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіптің 165 жылдығын, Мағжан Жұмабайұлы мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығын, Халел Досмұхамедовтің 140 жылдығын, «Қазақ» газетінің 110 жылдығын ескерусіз қалдырмай келеді. Тілдер мерекесі аясындағы бірқатар шара да аталған тұғырлы тұлғалардың мерейтойына арналады.

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Астанадағы «Қазанат» ипподромында ұлттық спорт түрлерінен VI фестивальдің ашылу салтанаты өтті. Атаулы шараға Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, елорда мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов қатысты.



Фестиваль аясында алдағы 5 күнде 1300-ден астам адам 11 спорт түрінен сайысқа түседі. Соның ішінде көкпар, асық ату, тоғызқұмалақ, жекпе-жек, жамбы ату, теңге ілу және тағы да басқа ұлттық ойын түрінен күш сынасады.

Шараны ашқан Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов елімізде ұлттық спорт түрлері мемлекет қолдауымен қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Төл мәдениетімізді дәріптеп, ұлттық спортты дамыту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың әрдайым ерекше назарында. Оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы Президентіміз күні кеше Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан еді. Ұлттық спорт түрлері – бұл біздің тарихымыздың және қазақ халқының өзіндік ерекшелігінің айнасы. Оны дамыта отырып, рухани мұрамызды болашақ ұрпақтың игілі үшін сақтап қаламыз, – деді Е.Қошанов.

Мәжіліс спикері алдағы жылы Қазақстанда Мемлекет басшысының қолдауымен өтетін V дүниежүзілік көшпенділер ойындарының мәні мен маңызына тоқталды. Бірнеше мемлекеттің спортшылары бас қосатын халықаралық жарыста қазіргі Қазақстанның әлеуетін танытуға мүмкіндік беріледі.

Іс-шара аясындағы айтулы оқиғаның бірі – «Joryq» ат спорты федерациясы осымен екі жыл қатарынан өткізіп отырған «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесі. Еліміздің түкпір-түкпірінен арнайы ат басын бұрған 20 команда 14 күнде елордадан Түркістанға дейінгі 1300 шақырым қашықтықты жүріп өтеді.

– Бәйге-марафон Amanat партиясының қолдауымен былтыр тұңғыш рет өткізілген еді. Бұл болашақта ұлттық ат спорты түрлерінің дамуына айрықша әсер ететін маңызды әрі ауқымды оқиға болды. Дүбірлі дода еліміздің барлық өңірін біріктірді. Шабандоздар сайын сахараны атпен шарлап, туған жердің сырына қанығады. Спорттық жетістіктерден бөлек, бұл бәйге этнотуризмді дамытуға және халқымыздың мәдени мұрасын насихаттауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Ерлан Қошанов.

Фестивальді ұйымдастыруға ҚР Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Amanat партиясы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Ұлттық спорт қауымдастығы, Туризм мен спортты қолдау қоры ұйытқы болды.

# БАЛА ОЙЫНЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Астана бүлдіршіндер үшін әзірше қауіпсіз қала болмай тұр. Себебі ойын алаңдары сапасыз салынып жатқаны белгілі. Оларды қадағалайтын жауапты адамдардың селқостығы да жоқ емес. Бұл, әрине, бөлек әңгіменің өзегі. Әзірше жарақаттанған балаларды қабылдайтын жерлер туралы айтайын.

Жақында Айнаш есімді азаматша белсенділік танытып, Астана қаласы аналарының атынан арнайы бейнеүндеу жасады. Мен халық қалаулысы ретінде осы проблеманың анық-қанығын білуге кірістім. Расында да, елорданың дамуымен бірге халық саны күрт өсті. Рақымжан Қошқарбаев көшесінде тұрған бір ғана жарақаттанған адамдарды қабылдайтын нүкте жеткіліксіз. Қазіргі уақытта №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы (сол травмпункт) – жарақат алған балаларға шұғыл көмек көрсететін жалғыз мекеме. Бұл аурухана тәулігіне 600-ден астам баланы қабылдайды, олардың тең жартысына рентгенологиялық зерттеу жүргізіледі.

Жалпы алғанда, қала әкімдігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бұл проблемамен таныс. Ресми хабарламада айтылғандай, №2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасындағы травмпункттің жүктемесін азайту үшін №4, 5, 6, 7, 9 және 10 қалалық емханаларына сағат 8:00-20:00-ге дейін 4 санаттағы балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету тапсырылған екен. Бір әттеген-айы – балаларға тек жұмыс күні мен жұмыс уақытында ғана ойна деп айта алмаймыз. Кешке, түнде, мереке күндері, сенбі мен жексенбіде бұл емханалар науқастарды қабылдамайды. Ақиқатын айтсам, мұндағы кінә Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында болып отыр. Олар травмпунктке тиісті қаражатын бөліп беру керек екенін елемейтін сыңайлы. Бұл да зерттеу жасайтын жеке тақырып.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, елорда халқы санының өсуіне байланысты №4 жаңа балалар ауруханасының жобасы қаралуда. Сондай-ақ ересектерге арналған №2 қалалық көпбейінді аурухана базасында балалар мен ересектерге арналған травматология пунктінің құрылысы жүргізілуде. Осы жоспар іске асса, қажеттілік өтелетін тәрізді. Алайда ойын алаңдарында жарақаттанған балаларға жедел ем-дом көрсету әр баланың денсаулығын, өмірін сақтайтын фактор екенін естен шығармайық.

**Анас БАҚҚОЖАЕВ,**
**Мәжіліс депутаты**

# БЕС БЕКЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бас қалада «Joltap» жобасы аясында Жастар сарайы; «Ailand» сауда және ойын-сауық орталығы; «Встреча»; «Азия Парк» және «Тұлпар» сауда үйлері мекенжайы бойынша алғашқы 5 модульдік пункт өз жұмысын бастады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Барлық пункттер ХҚКО қағидаты бойынша жұмыс істейді. Басқаша айтқанда, мұнда бір жерде халықтың әлеуметтік осал топтары, жетімдер, көпбалалы отбасылар, қандастар, мүмкіндігі шектеулі адамдар, жұмыссыз азаматтар және басқалар тегін қызмет ала алады. «Joltap» жобасы – табысын арттыруға ұмтылатын Астана тұрғындары үшін мүмкіндіктер бағдарламасы. Мобильді пункттерде жұмысқа орналасу, оқыту және бизнес ашу, тұрғын үй, кәсіпкерлік және әлеуметтік қолдау бойынша мемлекеттік көмек мүмкіндіктері туралы кеңес ала алады. Мұнда қысқа мерзімде жұмысшы мамандықтарын оқып, тиісті сертификат алуға, микронесие бағдарламасымен танысуға және қатысуға болады. Уақыт өте келе қызметтер саны тек өседі. Алдағы айда елордада тағы да көптеген пункт ашылады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Модульдік пункттер дүйсенбіден сенбіге дейін сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Жобаның ресми сайты: www.joltap.kz, тел.: 8-707-221-31-31.

# ТЕГІН ТҮГЕНДЕП, ТІРКЕЙДІ

2023 жылдың 1 қыркүйегі мен 31 желтоқсаны аралығында елордада халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтар үшін үй жануарларын тегін сәйкестендіру жүргізілуде.

Үйлерінде ит пен мысық ұстап отырған қала тұрғындары Абылай хан даңғылы, 52А мекенжайы бойынша орналасқан «Пушистый друг» ветеринарлық клиникасына хабарласып, ережеге сәйкес, жеңілдік алуына болады. Байланыс телефоны: 8-775-945-96-36. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 11:00-ден 19:00-ге дейін (түскі ас 14:00-15:00), сенбі-жексенбі – демалыс күндері.

Иттер мен мысықтарды тіркеу кезек тәртібімен өтеді. Тіркеу рәсімі үшін итке тұмылдырық кигізіп, өзімен бірге алып келуі тиіс. Сондай-ақ өзімен бірге мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөмірі болуы қажет.

№106 (4539) 07/09/2023 Бейсенбі



**Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,**
Сенат депутаты:

## НАҚТЫ ЖОЛДЫ КӨРСЕТТІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы толығымен экономикалық мәселелерге арналды. Президент ел экономикасын дамытуға қатысты нақты зерттелген, есептелген ауқымды жоба-жоспарымен таныстырып, бұл бағыттағы әрбір проблемаға жеке-жеке тоқталды. Әрбір өзекті түйткілдің экономикамыздың дамуын қалай тежеп отырғанына мысалдар келтіріп, оны шешудің нақты жолдарын көрсетті.

Менің байқағаным, бұл Жолдауда ең алдымен ұлттық экономиканың құрылымына қатысты реформаның басты бағыттары ашық айтылды. Еліміздің экономикалық қауіпсіздігі, азық-түлік қауіпсіздігі, ұлттық экономиканың ішкі және сыртқы сын-қатерлерге төзімділігі алдыңғы қатарға шықты. Мұның себебі, қазіргі кезде геосаяси ахуал ушығып, әлемдік нарықта экономикалық тежелу анық байқалады.

«Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, биылғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқынын тигізеді» деп Президент әлемдегі ахуалдың бізге де жағымсыз жағынан ықпалы болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысы «Ешкім де сырттан келіп Қазақстанды көркейтіп жібермейді» дей келе, біз барлық экономикалық жүйені шұғыл түрде түпкілікті қайта қарап, өзгерту жолымен ғана өркендейтінімізді қадап айтты. Өз экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету үшін қандай қадамдар жасауымыз қажеттігін жіпке тізгендей етіп егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Мысалы, жаңа өнеркәсіп саясатын жүргізіп, еліміздегі жұмысқа отандық шикізатты, тауар мен кадрларды пайдалану керектігін айтты. Шындығына келсек, қазір біз аулаларды абаттандыруға қажетті тауарларды (балалар алаңындағы құрал-жабдықтар) Ресейден тасымалдап отырмыз. Арзан жұмыс күші есебінде құрылысқа кадрларды Өзбекстан, Қырғызстаннан шақыртамыз. Бұл үрдіске тосқауыл қоятын кез келді.

Президент ұлттық қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударды. Бұл бағыттағы маңызды мәселенің бірі – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Жасыратыны жоқ, біз қазір қорғаныс өнеркәсібінде импортқа тәуелділіктен арыла алмай отырмыз. Әскери техниканы көршілес елдерден сатып аламыз. Президент өз әскерімізді заманауи әскери техникамен, қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін жергілікті өндірісті дамытуды бірінші орынға қойып отыр. Бұл орайда Арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсетілетінін мәлімдеді.

Бұл Жолдаудың басты жаңалығы – жаңа 5 министрліктің құрылғаны. Президент экономиканың стратегиялық жағынан маңызы зор екі саласы – көлік-логистика және су шаруашылығын дамытуға айрықша тоқталды. Қазіргі таңда еліміз көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалана алмай отырғанына дәлел-дәйектер келтірді. Соның бірі – сын көтермейтін автожолдар құрылысы, осы саладағы жемқорлықтың артуы. Президент саланы тиімді басқару үшін Көлік министрлігі құрылып, оған жол инфрақұрылымын салу міндеті де қосылатынын айтты.

Соңғы кездері біздің баспасөзде жиі көтерілген мәселенің бірі – су. Өйткені күн сайын күллі әлемде судың құны да, маңызы да бірнеше есеге артып барады. Халық саны өссе, суды да көбірек тұтынамыз. Соның бір дәлелі – елордадағы су мәселесінің бірінші орынға шығуы. Президент 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін екенін мәлім етті. Суға келгенде трансшекаралық су көздеріне тәуелді болғандықтан әділ, тиімді су саясатын жүргізбесек, кейін бармақ шайнап қалатынымызды алға тартты. Бұл салада бізде мәселе шаш етектен. Сол себептен Мемлекет басшысы Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, ведомство аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта жұмыс істейтінін сүйіншіледі.



**Зәмзәгүл БАЙЖҰМАНОВА,**
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері:

## IT-МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛУҒА ТИІСПІЗ

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында қоғамымыздағы ең өзекті мәселелер ретінде ел экономикасына, білім және ғылым саласына, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздікке, әлеуметтік мәселелерге, еліміздегі ауыл шаруашылығына, т. б. салаларға тоқталды. Аталған салалардағы қордаланған мәселелерді қалай шешу керектігі мен алдағы атқарылатын маңызды істерге басымдық берді.

Әділетті Қазақстанды құру жолындағы басты мақсатымыз қағаз жүзіндегі жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде, халықтың тұрмыс жағдайын, тұрмыс сапасын жақсарту керек екенін баса айтты. Осы бір сөздің ар жағында үлкен мәселе жатыр. Әрине, жылдар бойы халықтың әл-ауқатын көтеру, халықты жұмыспен қамту, әсіресе жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету басты назарда екені мәлім. Осы орайда нақты істер де атқарылып келеді. Жыл сайын бюджеттік сала мамандарының табысын арттыру, жас ұрпақтың сапалы білім алуы үшін жасалып жатқан «Ұлттық қор – балаларға» жобасының алдымыздағы жылы жүзеге асырылуы, орта және шағын бизнесті қолдау, т. б. да шешімін тауып жатқан істер баршылық.

Президентіміз әрбір сөзінде әділдік, үнемшілдік болу керек екеніне де тоқталып жүр. Бұл сөздің төркінінде маңызды ой жатыр деуге болады. Бүгінде мынау әлемдік жаһандану жағдайында дарақылық пен даңғазалық, ысырапшылдықтың қазақ қоғамына алып келер зияны шаш етектен екенін білуіміз керек. Оның орнына еліміздің өсіп-өркендеуі үшін өнеркәсіптік негізді қалыптастыру, білім беруді дұрыс жолға қою, ғылымды дамыту, интеллектуалды қабілеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге аса мән беріп, нақты іске кірісkeніміз жөн.

Жолдауда маңызды мәселелердің бірі ретінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін көтеруді Президентіміз басты мақсат етіп отыр. Еліміздің экономикасында ауыл шаруашылығы – ең маңызды салалардың бірі. Осы орайда Мемлекет басшысы Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу үшін елімізде ет, сүт, көкөніс, астық өндіруді арттыру керектігіне тоқталды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру ұлан-байтақ жері бар, жайылымы мол елімізде аса ауыртпалық әкеледі деген – жаңсақ пікір. Шаруашылық ісін қолға алу барысында мемлекет тарапынан да қолдау көрсетілуде. Мәселен, еліміздің фермерлері үшін жылдар бойы субсидия түрлері қарастырылуда. Мал шаруашылығын дамытуға аса мән беріп, оған жұмсалатын шығындарды қаржыландыруға да баса назар аударылуда. Ауыл шаруашылығы техникаларын біртіндеп жаңартып отыруға да мән берілуде. Әрине, мұның барлығы бір күнде жүзеге асатын шаруа емес, дегенмен ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, оларды экспортқа шығару арқылы ел экономикасы басқа елдермен бәсекелік қабілетін қалыптастырады деуге толық негіз бар. Сонымен бірге импортқа тәуелділікті жойып, экспортты көбейту мәселелерінде де таптырмайтын құрал екені белгілі.

Президентіміз елімізде шетелдің ірі IT-компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу ісін қолға алуды көздеп отыр. IT саласы – қазіргі таңда әлем елдері бойынша заман талабына сай сұраныс. Технология қарыштап дамып жатқан кезеңде қоғамда цифрлық сауаттылықты арттыру – бүгіннің өзекті мәселесі. Елімізде көптеген салада IT-мамандарына сұраныс артуда. Сондықтан да ақпараттық технология ағымынан қалыспай, технопарктер құру, білім беру саласында IT-мамандар даярлау ісін белсенді түрде қолға алу басты міндет екені сезілуде. Осыған байланысты Цифрлық даму министрлігі отандық IT саласын дамыту үшін 2021 жылдан 2023 жылға дейін 7,5 млрд теңге бөлген. Ал 2022 жылы – 2,7 млрд теңге, 2023 жылы – 2,9 млрд теңге. Ал 2021 жылы саланы дамытуға 1,9 млрд теңге бөлген. IT-мамандарын даярлау үшін грант санын көбейту, IT-мектептер жанынан филиалдар ашу ісі болашақта еліміздің дамуына бірден-бір септігін тигізетін құрал болмақ.

Қорыта келе, Президентіміздің аталмыш Жолдауы өткенге сараптама жасай отырып, болашақта атқарылатын істерге жоспар жасап, халықпен ақылдасуы деп білеміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы еліміздің өркендеуіне жол ашатын және қоғам сұранысына жауап беретініне сеніммен қараймыз.






**Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ,**
Парламент Мәжілісінің депутаты:

## ХАЛЫҚТЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ҚАМТЫЛДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауына зер салып қарасақ, бұл құжатта халықты толғандыратын барлық өзекті мәселе қамтылған.

Жолдаудағы негізгі бағыт – мемлекеттің экономикалық саясатын жаңғырту, халықтың табыс деңгейін арттыру. Президент 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге дейін арттыру керек деп тілге тиек етті. Бұл осы көрсеткішке байланған бірқатар әлеуметтік қолдауды, оның ішінде, әсіресе, әлеуметтік осал топтарды қолдаудың қаржы көлемін арттырады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы озық су үнемдеу технологияларын енгізу, қоршаған ортаның технологиялық және экологиялық жай-күйін, кәсіпорындардағы денсаулықты қорғау жүйесін жақсарту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің толыққанды желісін құру, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін нығайту, көлік-логистика әлеуетін іске асыру қажеттігін атап өтті. Көлік саласындағы Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастық, «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу, цифрландыруды дамыту және инновацияларды енгізу, «Отбасы банкінің» қызметін қайта жүктеу, тау-кен секторын басқару жүйесін жаңғырту және басқа да маңызды мәселелер туралы айтып өтті.

Президент Жолдауында еліміздің болашағы – жастар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қолдау мен қорғау мәселелеріне ерекше мән берді. Қолжетімді, сапалы білім беру, салауатты өмір салтын ұстануға толыққанды жағдай жасау сияқты өзекті бағыттарды атады. Оларға қамқорлық таныту жарқын болашаққа жасалған басты қадам екенін айшықтады.

Тағы бір бөлек айтатын нәрсе – елімізде атом электр станциясын салу бойынша жалпыұлттық референдум өткізу жөнінде айтқаны болды. Бұл биліктің халықпен ақылдасуы өркениетті елдерге тән екенін білдіреді.

Экономикамызды одан әрі дамыту үшін іргетас болуға тиіс бірнеше ауқымды міндет жарияланды. Осы және басқа да мәселелердің барлығын шешу қажет. Жолдауда айқындалған тапсырмалар мен міндеттердің жүзеге асуын қадағалауға және оған атсалысуға барша қазақстандық өзіндік үлесін қосуға тиіс деп ойлаймын.

Жолдау экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды құжатқа айналды. Мен Мемлекет басшысының барлық бастамасын толығымен қолдаймын және бәрі өзімізге, яғни халқымызға байланысты деп ойлаймын. Біз қазір алға қойылған міндеттерді іске асыруға біріге отырып, батыл іске көшуіміз керек.



**Қанат ЕСТЕК,**
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

## ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТ АЙҚЫНДАЛДЫ

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында жаһанданған заманда мемлекет дамуының жаңа моделін көрсетіп, экономикалық басымдықтарды айқындап берді. Сөйтіп, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықты өркендеу жолын көрсетті.

Үкімет шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша көңіл бөліп, түрлі мемлекеттік жобалар мен бағдармалар арқылы қаржыландырып, халықтың іскерлік дағдысын арттыруға көңіл бөліп келеді. Тұрақты экономиканың негізі бизнес саласында десек, бұл бағыттағы жұмыстарға жақсы баға беруге болады. Алайда мемлекеттік сатып алу конкурсындағы келеңсіздіктер кәсіпкерлер жұмысының жандануына белгілі бір деңгейде кедергісі бар. Мұны жасыра алмаймыз. Мемлекет басшысы осы мәселеге арнайы тоқталып, тендердің жаңа жүйесі жасалатынын жеткізді. Яғни бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтің сапасы басты назарда болады. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алуды бірыңғай платформаға көшіру керек. Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылданады. Бұл – құптарлық жағдай.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңге болады. Қазір елде қаншама адам қоғамдық және әлеуметтік жұмысқа тартылып, төменгі жалақы алады. Сосын 5 жастан бастап балаларды қамтитын «Келешек» балаларға арналған бірыңғай жинақтау жүйесі пайда болады. Бұл бағдарлама мемлекеттен бастапқы білім беру капиталын, мемлекеттік сыйлықақыны жыл сайын төлеуді және инвестициялық табысты көздеуге тиіс. Болашақта бұл жинақтар «Ұлттық қор – балаларға» жобасы шеңберінде қалыптастырылған қаражатпен бірге біздің балаларымызға сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Мұны келешекке құйылған инвестиция деуге болады.

Ең бастысы, Жолдаудағы жағымды жаңалық зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға зейнет жасына толғанға дейін (55 жастан бастап) арнайы әлеуметтік төлем төленеді.

Президентіміз осы экономикалық және әлеуметтік реформалардың орындалу мерзімін – үш жылды бірден белгілегенін атап өту маңызды.

Amanat партиясы елдің жетекші саяси күші ретінде Мемлекет басшысының саяси және әлеуметтік-экономикалық бастамаларын толық қолдайды және бұл бастамаларды іске асыру үшін бар күшін салады.

Жолдауда айтылған көп міндеттің ішінде «Отбасы банк» қызметін қайта қарау, басты назарды аудандар мен моно-қалаларға, ауылдарға аудару бар. Сондай-ақ ел ішіндегі 21 банктің қатарына бәсекені арттыру үшін сенімді деген үш шетелдік қаржы ұйымын тарту ұсынылды және Ұлттық банк ақша-кредит саясатында кредиттің пайыз ставкасын қайта қарайды деп ескертті.

# БАСТЫ МІНДЕТ – АТА ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



**Эльвира АЗИМОВА, Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы**

2023 жылдың 1 қаңтарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елімізде Конституциялық сот құрылды. Бұл елдің тарихындағы үлкен бетбұрыс. Өйткені жаңа органның бірінші міндеті – Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету.

Өткен жылы жалпыхалықтық референдум нәтижесінде елдің институционалдық ортасын түбегейлі өзгерткен бірқатар конституциялық реформа жүзеге асты. Қазақстан Конституциясы бірқатар өзгеріске ұшырап, суперпрезиденттік жүйеден парламенттік жүйеге көшті.

Жаңартылған Конституция қоғам мен мемлекетті одан әрі жетілдірудің, саяси трансформацияның, мемлекеттің әлеуметтік рөлін және құқық қорғау тетіктерінің әлеуетін күшейтудің құқықтық негізін салды.

Бұл нақты жағдайда ауыл әкімдерін халықтың тікелей сайлауына, саяси партиялардың Мәжіліске өтуін жеңілдетуге, Қазақстанда алғаш рет бір мандатты округтерге кандидаттарды енгізуге әкелді. Сонымен қатар, халықтың сенімінен шыққан депутаттарды қызметінен босату тетігі енгізілді.

Өкілеттіктерді тиімді бөлу жөніндегі институционалдық шаралар кешені азаматтардың құқығын нығайтуға бағытталған саяси реформалармен қатар жүрді. Өлім жазасын конституциялық түрде алып тастау, гендерлік теңдікті насихаттау және саяси партияларды тіркеу тәртібін жеңілдету референдумда қолдау тапқаннан кейін күшіне енді.

Көптеген үкіметтік емес ұйымдардың өтініші бойынша «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға да өзгерістер енгізілді. Осы уақытқа дейін заңның мәтіні азаматтардың шерулері мен қоғамдық тәртіпті бұзудың аражігін нақты ажырата алмайтын. Осылайша, теориялық тұрғыдан азаматтық бостандықтарды қорғауға мүмкіндік беретін нақтылау енгізілді.

Кейінгі кезде жаңа Конституциялық сотқа өтініш берген азаматтардың саны артып келеді. Бұл сенімінің жанданғанын айғақтайды. Бұдан былай кез келген азамат өз құқығын қорғау үшін Конституциялық сотқа тікелей жүгіне алады. Бұл – Қазақстандағы жаңашылдық.

Негізі, біздің Конституциялық сот тарихына көз жүгіртсек, жүріп өткен жолынан мол тәжірибені аңғарамыз. Мәселен, 1995 жылы Конституциялық сот Конституциялық кеңеске ауыстырылды. Ол – заңнаманың, құқық қолдану тәжірибесінің конституциялық талаптарға сәйкес келуін қадағалау, Парламент қабылдаған заңдардың Ата Заң талаптарына сәйкестігін тексеру, мемлекеттік органдар арасында туған конституциялық-құқықтық дауларды шешу, олардың өкілеттіктерінің аражігін ажырату, Президент, Парламент сайлауларының дұрыстығын қадағалау, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру, халықаралық шарттардың ратификация алдында конституциялық талаптарға сәйкестігін зерделеу. Сондықтан олардың өкілеттігі өте ұқсас. Жалпы, қазір 120-ға жуық елде конституциялық бақылау органы құрылса, соның 80-ге жуығында Конституциялық сот, 12-сінде Конституциялық кеңес жұмыс істейді.

Конституциялық соттың жаңадан құрылуы – заман талабы. Нақтырақ айтсақ, құқықтық мемлекеттің алғышарты болатын. Бұған дейін Конституциялық кеңеске азаматтар тікелей жүгіне алмады. Олар өз құқығын қорғау үшін кеңеске тек жалпы соттар арқылы шығуға мәжбүр болды. Яғни азаматтар соттарда қаралып жатқан қандай да бір азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, басқа да істерді шешу үшін қолданылған белгілі бір заңның конституциялылығына күмәні болса, судьяға істі тоқтата тұрып, Конституциялық кеңеске жүгінуді сұрайтын. Өтінішін судья қанағаттандырмаса, әрі қарай ештеңе істей алмайды. Ал судьялар болса конституциялық қайшылық көрсе ғана Конституциялық кеңеске жүгінеді. Көріп отырғанымыздай, бұл ретте азаматтар тілегі әрқашан қабыл бола бермейтін. Енді Конституциялық сот құрылуының арқасында азаматтардың оған тікелей жүгінуге құқығы пайда болып отыр. Егер азамат заң Конституцияға сәйкес емес деп күмәнданса, сотқа тәуелді болмайды. Конституциялық сотқа тікелей шығып, күмәнданған заң нормасын тексерте алады. Бұдан өзге Конституциялық сотқа жүгінудің тағы екі арнасы ашылып отыр. Олар – Бас прокуратура және омбудсмен арқылы даулау мүмкіндігі. Республика Президенті де күшіне енген заңдарды Конституциялық сотта даулай алады. Бұл жерде Мемлекет басшысы өз еркімен де және келіп түскен азаматтардың арыз-шағымдарын қорытындылаудың нәтижесі бойынша да осындай өтініш енгізуі мүмкін. Осының бәрі – азаматтардың конституциялық құқығы мен мүддесін тиімді қорғау үшін енгізіліп отырған шаралар.




Қазір Конституциялық сот Конституциялық кеңестің бүкіл өкілетін алып отыр. Қосымша қосылған өкілеттер: атап өткен азаматтардың, Бас прокурордың және омбудсменнің өтінішін қарау. Конституциялық соттың жұмысы жандануы үшін жеке Конституциялық заң қабылданды. Онда Конституциялық соттың мәртебесі, судьяларына қойылатын талаптар, жұмыс істеу принциптері, конституциялық іс жүргізу сатылары, Конституциялық соттың шешімдері және түрлері, өкілеттіктері және басқа мәселелері қарастырылды. Қазір Конституциялық сот құрамында 11 судья жұмыс істейді.

Судьялардың тағайындалуы да Ата Заңда дәйектелген. Органның төрағасын Президент Сенаттың келісімімен және төрт судьясын өз ықтиярымен тағайындайды. 3 судьядан 6 судьяны Сенат пен Мәжіліс бекітеді. Бұл үдеріске осылай әртүрлі билік өкілдерінің қатысуы Конституциялық соттың бейтараптылығын, тәуелсіздігін, объективтілігін қамтамасыз ету көзделді. Жалпы, халықаралық тәжірибеде Конституциялық сот судьясы заңгер мансабының шыңы деп айтуға болады. Қазірдің өзінде Конституциялық кеңес мүшесі лауазымдарына үлкен өмірлік тәжірибесі бар, Парламент депутаты болған, Бас прокуратураның, Жоғарғы соттың басшылығында болған азаматтар немесе елімізге танымал ғалымдар тағайындалып келді. Меніңше, бұл үрдіс болашақта да сақталады. Қазіргі заң жобасы бойынша судьялардан Қазақстан Республикасының азаматы болуы, 40 жасқа толуы, заң саласында кемінде 15 жыл қызмет өтілінің қажеттігі, моральдық келбетінің тазалығы және құқық саласындағы біліктілігінің жоғарылығы талап етіледі. Олар 8 жылға тағайындалады.

Конституциялық сот судьялары тек Ата Заңға бағынады. Бұл «Конституциялық сот туралы» заң жобасында айтылған. Екіншіден, осы құжатта айқындалған судьялардың теңдігі, олардың құзыретіне қол сұғылмайтыны, тәуелсіздігі, мәселелерді алқалы түрде көпшілік дауыспен шешуі, қызметіне ешкімнің араласуына жол берілмеуі, мұндай әрекетке Қылмыстық кодексте арнайы баптың қарастырылуы, қаралған іс бойынша ешкімге жауап бермеуі, ешкімнің есеп ала алмайтыны, қабылданған шешімге білдірген құқықтық позициясы үшін қудаланбауы – Конституциялық соттың тәуелсіздігінің белгілері.

Конституциялық сот шешімінің міндетті заң күші бар. Ол бүкіл ел аумағында қолданылады және шағымдануға жатпайды. Өйткені Ата Заңның, мемлекеттің атынан сөйлеп тұрғаннан кейін ол шешім орындалуы тиіс. Оны қайта қарайтын инстанция да, шағымдану тетіктері де жоқ. Халықаралық тәжірибе де солай. Өз шешімін тек Конституциялық соттың өзі ғана жоя алады. Оған Ата Заңның өзгеруі, яғни Конституциялық сот қабылдаған шешім негізделген норманың өзгеруі себеп бола алады. Биыл төртінші конституциялық реформа болып, Ата Заңның 33 бабына 56 өзгеріс енгізілді. Осы баптар бойынша бұрын қабылданған шешімдер болса, оларға қазір ревизия жасауға болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Конституциялық сотына беріліп отырған өкілеттіктер еліміздегі Ата Заңның жоғары тұруын, талаптарының өмірге енуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Конституциялық соттың заңдарды Парламент қабылдап, Президент қол қойғанға дейін, сонымен қатар қолданыста жүрген барлық нормативтік құқықтық актілердің де Конституцияға сәйкестігін тексеруге мүмкіндігі бар. Көптеген елде Конституциялық соттар Президент қол қойғанға дейін заңдарды тексере алмайды. Біздің елімізде бұл органға қос мүмкіншілік беріліп отыр.

Жалпы, Конституциялық соттың құрылуы еліміздің заң құрылымдарының, заң қауымдастығының тығыз ынтымақтастығын талап етеді. Өйткені кез келген азамат Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы болса да, сол соттың алдына қойылатын мәселені өз бетімен қағаз бетіне түсіре алуы, құқықтық сауатының болуы шарт. Жалпы, заң талабымен неге келіспейтінін, қай жеріне қарсы екенін уәждеп өтініш жазу қарапайым азаматтың қолынан келе бермейді. Онда оған кім көмектеседі? Осы мәселе біздегі заң қауымдастығының ынтымақтаса, өзара әріптестікте жұмыс істеуін қажет етеді. Біраз елдерде азаматтар Конституциялық сотқа тек адвокатпен келеді. Ондағы мақсат – Конституциялық сотта шығарылатын мәселенің қаралу сапасын қамтамасыз ету. Ол жерде тараптың еркін білдіретін заңгер болуы тиіс. Жарыспалылық болуы керек. Конституциялық соттың міндеті – соны тыңдап, объективті шешім шығару. Сондықтан бұл бағытта да нақты жұмыс жүреді.

Расы керек, қазір Конституциялық сотқа арыз-шағым көптеп келіп жатыр. Бірі сот үкімімен келіспейді, бірі тағайындалған жазаны әділетсіз деп таниды, тағы бірі банктен алған несиесін жауып беруді сұрайды. Мұндай мәселелерді Конституциялық сот қарамайды. Конституциялық соттың басты міндеті – белгілі бір дауды шешкен кезде қолданылған заңның, басқа да нормативтік-құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау. Сотталушы қылмыс жасады ма, жоқ па, тағайындалған жаза әділетті ме, заңсыз ба деген мәселені қарамайды. Мұны дұрыс түсінген жөн. Екіншіден, қазір кейбір заңгерлер әрбір азамат заң бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланғаннан кейін оның қандай да бір бабына күмән туындаса, Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы болсын деген пікір айтуда. Бұл дұрыс емес. Халықаралық тәжірибеде қалыптасқан үрдіс бойынша Конституциялық сотты адам құқығын қорғаудың қосымша кепілі деп қарастырған жөн. Мысалы, азамат әкімдіктің шешімін сотта даулады делік. Сот әкімдіктің шешімін қолдады. Келесі сот сатысы бұл істі алқалы түрде қарап, заңды мүлде басқаша қолдануы мүмкін. Бұл әрбір заңгердің заң жайлы түсінігі мен тәжірибесіне байланысты. Мұндай шешімдер көп. Сондықтан егер де облыстық сот заңды басқаша түсініп, қолданса, азаматтың пайдасына шешсе, онда ол заңды әрі қарай дауламайды. Егер жоғары тұрған сот та заңды бірінші сатыдағыдай қолданса, азамат онымен келіспесе, заңды даулау Конституциялық сотта жүзеге асырылуы тиіс. Көптеген елде Конституциялық сотқа мұндай даулар жалпы сот сатыларынан өткеннен кейін келеді. Үкімді емес, тек заңның өзін ғана даулайды. Дау туындамаса да болашақта керек болып қалар деп, заңды әшейін тексертіп алу үшін Конституциялық сотқа жүгінуге болмайды. Заңды даулай отырып, оның салдарын да ескерген жөн. Егер заң Ата Заңға қайшы деп танылса, соның негізінде бұрын қабылданған сот шешімінің күшін жою керек болады. Ал ол заң жаңадан немесе 5 жыл бұрын қабылдануы мүмкін. Осы уақыт ішінде мыңдаған адам тағдырына қатысты қаншама шешім шықты. Оның бәрін қайта қараудың салдары қиын. Осындай жағдайдың алдын алу үшін заңгерлер қауымдастығының ынтымағы, біліктілігі өте қажет.

> Қазіргі таңда Қазақстан Конституциялық сотына беріліп отырған өкілеттіктер еліміздегі Ата Заңның жоғары тұруын, талаптарының өмірге енуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Конституциялық соттың заңдарды Парламент қабылдап, Президент қол қойғанға дейін, сонымен қатар қолданыста жүрген барлық нормативтік құқықтық актілердің де Конституцияға сәйкестігін тексеруге мүмкіндігі бар. Көптеген елде Конституциялық соттар Президент қол қойғанға дейін заңдарды тексере алмайды. Біздің елімізде бұл органға қос мүмкіншілік беріліп отыр

# БАСЫМ БАҒЫТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

***Биылғы Жолдауда Президент не деді?***

Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс.

Ұлттық қор – балаларға. Жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды.

Біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет.

Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауынша, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сол себепті біз сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керек.

Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет.

Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану қажет. Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз.

Басқа мемлекеттермен салыстырғанда туризм саласы артта қалып келеді. Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиіс.

Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдік және отандық инвесторларды алғашқы үш жылда салықтар мен басқа да міндетті төлемдерден босату қажет.

Атом электр стансасын салу мәселесін жалпыұлттық референдум арқылы шешкен жөн.

Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет.

Армиямыз жоғары технологиялық қару-жарақпен және әскери техникамен, оның ішінде бронетранспортерлермен, ұшқышсыз ұшу аппараттарымен, заманауи атыс қаруларымен қамтамасыз етілуі керек.

Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады.

Табиғи монополия субъектілерінің бәріне 5-7 жылға дейін көңілге қонымды нарықтық тариф енгізген жөн.

Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз.

Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады.

2026 жылға қарай IT қызметтердің экспортын 1 миллиард долларға жеткізу керек. Бұған ірі шетелдік IT компаниялармен бірлескен кәсіпорындар ашу жәрдемдеседі.

Цифрландыру саласын реттейтін біртұтас заң әзірленеді.

«Қазақстан темір жолын» толыққанды көлік-логистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтау қажет.

Электр энергиясы бойынша көрші елдерге тәуелді болмауымыз керек.

«Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Басты назарды облыс орталықтарына емес, ауданға, моноқалаларға және ауылға аударған жөн.

Қайтарылған активтің бәрін ашық түрде нарыққа шығару керек.

Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын тоқтатуы керек.

Банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кетті.

Air Astana мен QazaqGaz халықтық IPO-ға шығарылады.

Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 миллионға жетеді.

Салықтық жеңілдіктерді 20 пайызға қысқарту керек.

Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне біріндбірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет.

Әр облыс орталығында креативті индустрия орталығы болу керек.

Қазақстанда креативті индустрия секторы әлі дамымаған. Жалпы ішкі өнімге қосатын үлесі 1 пайызға да жетпейді.

Буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Енді қазақстандықтарға 55 жастан бастап арнайы әлеуметтік төлем төленеді.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге көтеріледі.

**Берік БЕЙСЕНҰЛЫ**



# «ЖАЙЛЫ ҚАЛА» ЖОБАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Бүгінгі таңда қала тұрғындары елорданың келбеті көрікті ғана емес, адамдардың өмір сүруіне аса ыңғайлы, жайлы болғанын қалайды. Бұл ретте қалалық Урбанистика орталығы тиімді жобалар жасаумен жүйелі айналысып келеді. Осыған орай, көгалдандыруға, абаттандыруға, жаяу жүргіншілерге арналған инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылуда.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Елорданы дамыту мәселелері жөнінде өткен кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы қала тұрғындары үшін жаңа тартымды мекенге айналдырудың ерекшелігін ескере келе, оның келбетін мейлінше жақсарту қажеттігін баса айтқан болатын. Қалалық урбанистер болса «Астана – жайлы қала» жобасы аясында бас шаһарды мейлінше ажарландыруға атсалысып келеді. Бұл ретте Президент тапсырмалары негізге алынуда. Жоба аясында бұрынғы ескі үйлердің орнына көше бойларына шағын саябақтар салынып, ондағы ойын және спорт алаңдары қала тұрғындарының жиі баратын, бос уақытын тиімді пайдаланатын орындарына айналды.

– Президент Астана «жасыл» қалаға айналуы тиіс екенін атап өтті. Қалалар әртүрлі болғанмен, тұрғындардың қажеттіліктері ортақ. Олардың бәрі де өмір сүруге қолайлы, жайлы орта іздейді. Астана белсенді дамып келеді. Сондықтан кейбір қабылданған шешімдер бірнеше жылдан кейін қайта қарауды қажет ететіні белгілі. Біз бүкіләлемдік тәжірибеге сүйене отырып, елорданың заманауи жаңа келбетін қалыптастыруға тырысудамыз, – деді Урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкен.

Қалалық Урбанистика орталығының мамандары жұмыс барысында жергілікті жұртшылықтың тілегін ескеруде. Мысалы, қоғамдық кеңістіктер, саябақтар, скверлер, аулалар бірыңғай көрінуі үшін елорданың дизайн-кодына сәйкестендірілуі керек. Дизайн-кодқа сәйкес, Астанада маңдайшалар артқы фонсыз болуы тиіс. Негізгі жазу фриз биіктігінің 70%-ынан аспауы керек. Барлық белгі қасбеттің бір сызығында болуы және қажет болған жағдайда қасбеттің стиліне бейімделуі керек. Бір ғимаратта орналасқан әртүрлі ұйымдар белгілерінің түрлері мен дизайнын ғимараттардың қасбетінің кешенді шешіміне сәйкес орналастыру ұсынылады.

Соңғы үш жылда елордада 1060-тан астам қоғамдық кеңістік абаттандырылды, ағымдағы жылы тағы 160 аула тұрғындар үшін қолайлы орынға айналды. Бұл қаладағы жаңартылған қоғамдық кеңістіктердің жалпы саны 1000-нан асқанын білдіреді.

Қазіргі кезде қаланың тарихи орталығында, Есіл өзенінің оң жағалауын абаттандыру жоспарланып отыр.

– Соңғы екі-үш жылда біз Есілдің оң жақ бөлігін түрлендіру бойынша белсенді жұмыс істедік. Мәселен, «Еуразия» сауда орталығы орналасқан аудандағы Сәтбаев көшесі абаттандырылуда. Келешекте бұл кеңістік жаяу жүргіншілер үшін жайлы аймаққа айналады. Біз аудан әкімдіктерімен бірлесе жұмыс істеудеміз. Сондай-ақ, қаланы дамыту жоспарларымыз белгілі сәулетшілермен, урбанистермен және елорданы жақсы көретін және оны әдемі әрі жайлы етуге тырысатын белсенді мамандардың қатысуымен жүзеге асып жатыр. Астананы дамыту кезінде Президенттің тапсырмасын негізге ала отырып, биыл қаланың барлық бөлігіне миллионнан астам жасыл желек отырғызылады. Ағымдағы жобаларға келетін болсақ, биыл қаланың ескі орталығына іргелес орналасқан Бейбітшілік, Желтоқсан көшелерінде жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Бұл көшелердегі жаяу жүргіншілер аймағы кеңейтіліп, жол бойына жоғары сапалы шойын шамдар, орындықтар, урналар орнатылды. Сонымен қатар, Байқоңыр ауданындағы Ақбұлақ жағалауы абаттандырылды. Сондай-ақ, Амман көшесі мен Абылай хан даңғылындағы көпірдің астында жаяу жүргіншілер байланысы жасалды, – деді орталық жетекшісі.

Расында да, қазір қала тұрғындарының қатысумен аулалар түбегейлі өзгертілуде. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдар да көп. Серуендеушілер бұрын тым сирек болса, бүгінде олардың қатары күн санап өсіп келеді. Сайып келгенде, мұның бәрі «Халық қатысатын бюджет» жобасының жемісі екені шындық. Қазір адамдар өздері таңдау жасап, аулаларды қалауы бойынша өзгертуге қол жеткізуде.

Тұрғындардың қажеттіліктерін анықтау үшін қала урбанистері сауалнама ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Соңғы кездері 2500 адам осындай сұрақ-жауапқа қатысты. Орталық жетекшісі қала дамуында бұл пікірлер ескерілетінін жеткізді.

Урбанистиканың жақсы қағидаттарының бірі – полицентризм принципі. Осыған сәйкес, дамыған қаладағы емханалар, мектептер, балабақшалар және сауда орталықтары сияқты барлық адамға аса қажетті нысандар тұрғын үйге жақын жерде болуы керек. Мұндай мекемелердің жаяу жүру радиусы 15 минуттық қолжетімділік қағидатына сай болуы және бұл аудандардың даму дәрежесіне қарамастан, қаланың барлық жерінде сақталуы тиіс. Тек әрбір ауданның өзіне тән ерекшеліктері ескеріліп, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, адамдар ағынында біркелкіліктің сақталуына мән берген жөн. Дегенмен тұрғындардың пікірі барлық жағдайда бірдей біз ойлағандай дұрыс бола бермейтіні тағы бар. Әдетте, халықтың тек 5 пайызы ғана көпшіліктің мүддесін ойлайды. Кейде жеке қара басының қамын күйттеп кететіндер де жоқ емес.

– Біздің мақсат – қаланы тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз ете отырып, айналаны көріктендіру. Жасыратыны жоқ, «Астана – жайлы қала» жоспары жүзеге асырылғалы бері жаяу жүргіншілерге жағдай жасалып, полицентриализмге бағытталған тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде айналамызда жасыл алаңдар мен велосипед жолдарының саны көбейді, көпірлер мен қоғамдық кеңістіктердің қатары артты. Әу баста көзделгендей, осылайша бас шаһар, шын мәнінде, адамдар үшін жайлы қалаға, экологиясы таза әрі тұрақты, сондай-ақ тұрғындары белсенді өмір салтын жүргізетін салауатты шаһарға айналып келеді, – деді Елнар Базыкен.

ЕҢБЕК АДАМЫ

# ТАЗАЛЫҚТЫ ЖАНЫ СҮЙЕДІ

Таза қала – жайлылық пен өркениеттің белгісі. Алайда айналамыздың тазалығын сақтауда әлі де дамыған елдер көшіне ілесе алмай келеміз. Сондықтан әзірге қала тазалығына жауапты «Астана тазалық» ЖШС сынды мекемелер жұмысшыларына жүктеме көп түсіп тұр. Осы ұжымда үш жылдан бері қолмен жинау жөніндегі бригадирі болып еңбек ететін Гүлшат Жанпейісованың бір күнгі жұмысын көріп, соған көз жеткіздік.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Есіл ауданындағы көшелерді қоқыс пен арам шөптен тазалайтын Гүлшаттың бригадасында 10-15 жұмысшы бар. Олардың біразы ғана қалада тұрса, көбі елорда маңындағы алыс ауылдардан қатынайды. Гүлшаттың өзі елордадан 120 км жердегі Қарағанды облысы Нұра ауданы Байтуған ауылынан күн сайын келіп жұмыс істейді. Бұған себеп – ауылда жұмыстың жоғы, болса да 50-60 мың теңге ғана айлық беретіні. Ал мұнда тұрақты жұмыс, ауқымды жалақы беріледі. Тек таңғы 2.00-де тұрып, мекеменің көлігімен қалаға жетуі керек, сосын таңғы 6.00-де көше тазалау жұмысына кірісуі тиіс.

– Жұмыс 7 сағатқа созылып, 15.00-де бітеді. Сосын келесі ауысым жұмысы басталады. Жұма күні жарты жұмыс күнін істеп, сенбі демаламыз. Қалған күндері ауыл мен Астана арасын таңнан бастап жол қыламыз. Мұнда жұмыс істейтін әйелдердің жасы 38-57 жас аралығында. Бір күнде Есіл ауданы бойынша көше тазалығына 10 бригада шықса, соның ішінде біздің бригада сол жағалаудағы Сығанақ, Түркістан, Ақмешіт, Керей мен Жәнібек хандар, Сауран көшелерінің және көпір астының тазалығына жауаптымыз. Кейде бұл мекенжайлар ауысып тұрады. Осы көшелерге бригададағы жұмыскерлерді бөлемін. Таңертең жинап кеткен жер түстен кейін қайта шашылып жатады. Әсіресе жазда қиын. Қай көшеде қоқыс көп, арам шөпті мотокоса құралымен жұлу керек болса сонда бөледі. Жұмысшыларға форма, қолғап, қоқыс салатын қап, қоқыстарды қыстырып алатын арнайы құрал беріледі. Қыста қоқыс көрінбеуі мүмкін, ол кезде, негізінен, қар тазалау техникалары ала алмайтын жерлерді күрекпен тазалау жұмыстарына кірісеміз. 10 бригадаға 5-6 КАМАЗ көлігі бөлінеді. Күніне бір бригададан 50 қаптай қоқыс жиналады. Адамдар суын ішіп болып, баклажка, пакет, қағаз, салфетка, иттің нәжісін тастай салады, біреулер көлікте кетіп бара жатып, біреулер үй терезесінен лақтыра салуы мүмкін. Оның бәрі ұшып, көшелерге таралады. Кейбір тұрғындар қоқыс жәшігіне жетпей тастап кетеді. Әрине, соның бәрін жинау – біздің міндетіміз, бірақ елорда халқының астаналық деген атқа лайық болып, айналасын мейлінше таза ұстағанын да қалайсың, – дейді Гүлшат бригадир.

Алыс ауылдан күн сайын ат арылтып келіп, нәпақасын тауып жүрген бригадир Гүлшаттың жолдасы мал шаруашылығымен айналысады. Басында бұл жұмысты уақытша істеп кетермін деп келген ол қазір бұған үйреніп кетіпті. Қарапайым жұмысшылар үшін бастысы – ауылда бос жүргеннен гөрі қалада көлемділеу жалақы беретін тұрақты жұмысының болуы. Жалпы қала бойынша күніне екі ауысымдағы тазалау жұмыстарына аталған серіктестіктің 200-ден астам жұмысшысы жұмылдырылады. Олар қаланы тазалау жұмыстарының 42,9 пайызын атқарса, қалғанын өзге де мердігер мекемелер істейді.

# ЖӘРМЕҢКЕ ҚАЗАНҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ

Өткен демалыс күндері Астанада өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымы басталды. Оның жұмысы туралы қаланың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев мәлімдеді.

Астанада 2 қыркүйектен бастап өңірлердің тауар өндірушілерінің қатысуымен өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусымы басталды. Олар әр сенбі мен жексенбіде қазан айының 29-ына дейін өтеді.

Елордада алғашқы болып Түркістан облысының аграршылары өз өнімдерін ұсынды. Жәрмеңкеге өз тауарларымен 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері келді, олар 556 тонна өнім әкелді. Барлық өнім нарықтағы бағадан едәуір төмен сатылуда.

– Алдағы демалыс күндері елордаға Атырау және Жамбыл облыстарының ауыл шаруашылығы өндірушілері келеді. 16-17 қыркүйек күндері – Батыс Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының тауар өндірушілерін күтеміз. Бұдан әрі Алматы және Жетісу облыстары, одан соң Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Абай, Шығыс Қазақстан облысы және Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды, Ұлытау облыстары өз өнімдерін ұсынатын болады. Өңірлік жәрмеңкелер маусымын 28 және 29 қазанда Ақмола облысының ауыл шаруашылығы өндірушілері аяқтайды деп жоспарланып отыр, – деді Мақсат Жаңабаев.

Басқарма басшысы сондай-ақ биыл ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу орны өзгергенін атап өтті. Өткен жылы ол Тұран даңғылы, 48 мекенжайында орналасқан «Астана Арена» алдындағы автотұрақта өткізілсе, биыл жәрмеңкені өткізу орны Тәуелсіздік даңғылы, 50 мекенжайындағы ҚазҰӨУ («Шабыт») алдындағы алаңға көшірілді.

Елордада демалыс күндері қалалық жәрмеңкелер де өткізіледі. Оларға азық-түлік тауарларын көтерме жеткізушілер және жақын маңдағы аудандардан шаруа қожалықтары қатысады. Жәрмеңкелер әр ауданда, арнайы белгіленген жерде өтеді.

Астананы азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуде елорданың азық-түлік



белдеуін құрайтын Ақмола, Павлодар және Қарағанды облыстарының шекаралас аудандары шешуші рөл атқарады. Бұл ретте Ақмола облысының әкімдігімен Қараөткел, Талапкер, Қоянды және Жібек жолы ауылдарында өндірістік кәсіпорындар мен инфрақұрылымдық объектілерді орналастыра отырып, сауда-экономикалық және көліктік-логистикалық кооперацияны жүзеге асыру жөніндегі Жол картасына қол қойылды. Бұдан әрі жұмыс осы Жол картасы шеңберінде жүзеге асады.

– Астана аграрлық өңір емес және тұтынатын 2 млн тонна азық-түлік тауарларының тек 3 түрін, нақтырақ айтсақ, ұн, кеспе өнімдері және нан ғана өндіреміз, қалғандары басқа өңірлерден әкелінеді және импортталады. Сондықтан әкімдік өз өндірісін ұлғайтуға ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты біз жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз, атап айтқанда, сауда инфрақұрылымы мен АӨК өңдеу өнеркәсібін дамытуға баса назар аударамыз, – деді Мақсат Жаңабаев.

Тамақ өнеркәсібі саласында өндіріс көлемі 72 мың тонна болатын 8 жоба (сүт зауыты, ет комбинаты, нан зауыты, жартылай фабрикаттар, ұн және кондитерлік өнімдер және т. б.), сондай-ақ қуаты 14 мың тонна болатын екі жылыжай кешені салынуда. Жыл бойы нан зауыты мен көкөніс қоймаларын, сондай-ақ кондитерлік фабриканы аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жалпы ауданы 70 мың шаршы метрді құрайтын сақтау орындары – 2 көтерме-тарату орталығы, 2 көкөніс қоймасы және 2 қойма кешені салынып жатыр. Нарықты монополиясыздандыру аясында 10 млрд теңге жеке инвестицияға 2 заманауи базар салынып жатыр.

Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған мен Ресей президенті Владимир Путиннің 4 қыркүйек күнгі Сочидегі кездесуі нәтижесіз аяқталды. Кездесуден кейін түрік басшысы тілшілерге берген сұхбатында «бейбіт келісімге себеп болатын ешқандай мүмкіндік көрмегенін» айтын, Қара теңіз келісімі қайта жалғасын табады деген үміттің селге кеткенін сездірді.

# ҮЗІЛГЕН КЕЛІСІМ, КҮШЕЙГЕН КҮДІК

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ



### АШТЫҚ АЛҚЫМЫНАН АЛДЫ

Қара теңіз келісімі Украина соғысы себебінен үлкен дағдарысқа дөп келген әлемдік астық қауіпсіздігінің маңызды кепілі еді. Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін Украинаның Қара теңіз арқылы Таяу Шығысқа, Солтүстік Африкаға және Азияның кейбір елдеріне астық жеткізу жолы шорт кесілді. Атап айтқанда, Ресейдің Украинадағы әскери әрекеті «әлемнің нан қоржынынан» астықтың шетелге экспортталуына үлкен кедергі келтіріп, жасыл шардағы азық-түлік бағасының күрт қымбаттауына мұрындық болды. Салдарынан Африканың кейбір елдеріне аштық қаупі төнсе, ұзақ жылдар бойы Украинадан астық импорттап келген дамушы елдерде саяси тұрақсыздық белең ала бастады. Өйткені Ресей мен Украина дүниежүзіндегі бидай мен арпаның үштен бір бөлігін, күнбағыс майының 70 пайызын экспорттайды. Әлемдік нарықтағы жүгерінің көп үлесі де осы елдерге тиесілі. Мәселен, Сомали, Ливия, Ливан, Египет және Судан сияқты мемлекеттер соғысып жатқан екі елдің бидайына, жүгерісі мен күнбағыс майына қатты тәуелді. Түркия да Украина астығымен өз еліндегі азық-түлік мәселесін шешіп отырған ел. Сондай-ақ Ресей ауыл шаруашылық тыңайтқыштары өндірісі бойынша әлемде бірінші орында тұр. Кейбір деректерде дүниежүзінде 400 миллион адам украиндық азық-түлікке тәуелді деген мәлімет те айтылады. Сосын да шығар, Украина соғысы басталғаннан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы соғыстың салдарынан 41 елдегі 181 миллионға жуық адам аштыққа ұшырауы мүмкін деген болжам жасаған.

### ТАСЫМАЛ НЕГЕ ТҰСАЛДЫ?

Украинаның бидайы мен басқа да егіс дақылдарының 90 пайызы әлемдік нарыққа теңіз арқылы тасымалданады. Аз мөлшері теміржол, автомобиль және өзен ағысымен әлемдік нарыққа жеткізілгенімен, оның үлесі теңіз тасымалымен салыстырғанда тамшыдай ғана. Ал теміржол арқылы вагондап тасымалдайын десе, Украина теміржолының батыстық рельстерімен сәйкес келмейтіні де кедергі болды. Еуропаны айналып Жерорта теңізіне өткенмен, тасымал бағасы бір есеге жуық қымбат.

Соғыс басталғалы Украина бидайдың көп бөлігін Шығыс Еуропа елдері арқылы тасымалдап жатыр. Бірақ бұл жолда логистикалық мәселелер көп болды. Жергілікті шаруалар Украина бидайы келгелі өз астығы өтпей қалғанын айтып шағына бастады. Осыдан кейін Еуроодақ Болгария, Венгрия, Польша, Румыния мен Словакияға ішкі нарықта Украиналық дәнді-дақылдар (бидай, жүгері, рапс және күнбағыс дәндері) сатылымына тыйым салуға рұқсат берді.

Ресей-Украина соғысы басталғаннан кейін Африкада 30 миллион тонна азық-түлік тапшылығы туылды да, азық-түлік бағасы бірден 40 пайызға қымбаттады. Біріккен Ұлттар Ұйымы астық тасымалының кедергіге ұшырауы салдарынан «Йемендегі ұн бағасы 42 пайызға, нан бағасы 25 пайызға өсті» деп мәлімдеді. Міне осы мәселеге байланысты былтыр шілдеде БҰҰ және Түркияның атсалысуымен жасалған Қара теңіз астық келісімі ғаламдық азық-түлік дағдарысы аз да болса бәсейіп, соғысқа байланысты экспорты тоқтап қалған Украина астығын қауіпсіз тасымалдауға мүмкіндік берген еді. Атап айтқанда, келісім жасалғаннан кейін, бидай бағасы 14 пайыз, жүгері бағасы 23 пайызға арзандады. Одан да маңыздысы, астық мәмілесі нәтижесінде 800 мың тонна гуманитарлық азық-түлікті Украинадан шығарып, ашаршылыққа жақындаған елдерге, соның ішінде Эфиопияға, Ауғанстанға және Йеменге жеткізілді.

Алайда, Ресейдің биыл шілде айында осы келісімнен бас тартуы астық тақырыбын тағы да әлемдік қоламталы түйінге айналдырды. АҚШ бастаған елдер «Қара теңіз тасымалының баламасын табамыз» деп даурыққанымен, одан ешқандай нәтиже шықпады. Есесіне әлемдік нарықтағы астықтың бағасы бірден 15 пайызға қымбаттап, украиналық азық-түлікке тәуелді елдер тағы да қиыншылық қыспағында қалды. Оның үстіне, ғаламдық жылынудың әсерінен көптеген елде қуаңшылық апаты болып, астық шықпай қалды. Бұл онсыз да дағдарысқа дөп келген әлемдік астық мәселесіне «жығылғанға жұдырық» боп тиді. Мәселен, БҰҰ-ның дерегінше, 2021-2022 жылы бүкіләлемдік жүгері қоры кейінгі 6 жылдағы ең төменгі шекке түсті. Дегенмен АҚШ-тың ауылшаруашылық департаменті 2023-2024 жылдары әлемдік жүгері қоры кейінгі 5 жылдағы ең жоғарғы көрсеткішке жетеді деген болжам жасап отыр. Ал бидай өндірісі керісінше кеміп, жыл соңында кейінгі 8 жылдағы ең төменгі деңгейге түсуі мүмкін.

### АСТЫҚ ҚАРУҒА АЙНАЛДЫ МА?

Егер астық келісімі жалғаспаса, Ливаннан Мысырға дейінгі аралықтағы импорттық азық-түлікке тәуелді елдер Қара теңіз аймағынан тыс мемлекеттерден жеткізушілерді табуы керек. Ал мұндай елдер алыста, демек жол шығыны артып, астық құны қымбатқа түспек. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының бас экономисі Ариф Хусейннің ойынша, Қара теңіз астық келісімі жаңартылмаса, табысы төмен елдер мен адамдар үшін азық-түлік «қолжетімсіз тауарға айналады». Міне осы жағдайларды көріп-біліп отырған Ресей астықты «қару ретінде пайдалануға» көшті. Атап айтқанда, мамыр айында 2 айға ұзартылған астық келісімінен Ресей шілде айында шығып тынды.

Ресей келісімшартты ұзартуға негіз жоғын бірнеше рет айтқан. Мәскеудің мәлімдемесіне сенсек, Ресейдің азық-түлік өнімдері мен тыңайтқыш экспортына кедергілерді алып тастау туралы міндеттемелер орындалмаған. Сондай-ақ Ресей Россельхозбанкті SWIFT төлем жүйесіне қосуды сұраған еді. Мәскеу одан бөлек, ауылшаруашылық техникасы мен бөлшектерін жеткізу мен Тольятти-Одесса аммиак құбырының жұмысын қайта жандандыру, сақтандыру мен қайта сақтандыруға қойылған шектеулерді алып тастау, азық-түлік және тыңайтқыш экспортымен айналысатын ресейлік компаниялардың активтері мен шоттарын бұғаттан шығару сияқты бірнеше талап қойған. Ресей батыстың банк ісіне және кеме қатынасына салған санкциялары Ресейдің азық-түлік пен тыңайтқыш экспорттау мүмкіндігін тежеп отыр деп санайды. Бірақ Еурокомиссия президенті Урсула фон дер Ляйен мен басқа да батыстық лидерлердің пікірінше, аталған санкциялар азық-түлікке әсер етіп отырған жоқ. Ал, АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебінше, Ресей 2022-2023 сауда жылында 45,5 миллион тонна бидай экспорттап, рекордтық деңгейге жеткен. 2023-2024 жылдары бұл көрсеткіш 47,5 миллион тоннаға жетіп, тағы да рекорд жаңартылуы мүмкін екен.

Сонымен қатар, Ресей Қара теңіз келісімі арқылы тасымалданған астықтың дені батыстың бай елдеріне кетіп жатыр деп отыр. Ресей басшысы Путиннің айтуынша, астық келісімі жасалған жылы Украинадан 32,8 миллион тонна жүк кетсе, оның 70 пайыздан астамы бай елдерге кеткен. Африканың ең кедей елдері Қара теңіз бастамасы бойынша 1 миллион тоннадан аз жүк алған. Сол себепті де Ресей-Африка форумында Ресей президенті «алдағы төрт айда Зимбабве, Буркина-Фасо, Сомали, Эритреяға 25-50 мың тонна астықты тегін жіберуге дайынбыз» деп мәлімдеді.

Астық келісімінің үзілуі соғысты одан әрі үдетуі мүмкін. Өйткені Ресейді айтқанына көндіре алмаған Батыс елдері алдағы уақытта Украинаға үстемелеп қару беріп, Ресейді әлсірете түсуге тырысатыны анық. Оның үстіне жақында Қара теңіз астық дәлізін Ресейсіз де пайдалану үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек екенін атап көрсеткен Украина президенті Зеленский «Біз қорықпаймыз. Кеме компанияларының өкілдері бізге хабарласты. Олар Украина жөнелтсе және Түркия өткізуге рұқсат берсе, астық жеткізуді жалғастыруға дайын екендігін айтты» деп мәлімдеді.

### БІЗГЕ ДЕ САЛҚЫНЫ ТИМЕЙ МЕ?

Биыл Украинада да астықтың түсімі төмен. Өйткені шаруалар көп астық себе алмаған, ер азаматтардың көбі соғысқа аттанған. Сол себепті 2023-2024 жылдары Украинаның да бидай экспорты азаяды. Оның үстіне, Ресей соңғы кездері Украинаның порт қалаларын, астық сақтаған қамбаларын құтырына бомбалап жатыр. Жақында ғана Одессадағы қоймада 100 мың тонна асбұршақ пен 20 мың тонна арпа соққы себебінен күлге айналды. АҚШ-тың ауылшаруашылық департаментінің болжамынша, биыл Украинаның жүгері экспорты 28 миллион тоннадан 19,5 миллион тоннаға дейін азайса, бидай экспорты былтырғы 16,8 миллион тоннадан 10,5 миллион тоннаға дейін төмендеуі мүмкін. Енді астық тасымалы қиындайды, логистикалық шығындар артады. Әсіресе, Украинаның шығысында өндірілген астықты шекараға жеткізуге көп күш пен уақыт кетеді.

Қысқасы, Қара теңіз астық келісімінің үзілуі үлкен әлемдік дағдарыс деп айтуға болады. Бұл мәселе алдағы уақытта тек қана Украина астығын сатып алушы елдерге ғана емес, әр құрлықтағы астық сатушы және сатып алушы елдерге де ықпал жасайды. Қазір Ресей де қат-қабат кедергінің себебінен өз астығын алыс шетелдерге сата алмай, іргесіндегі елдерге жағалай бастады. Бұл өз кезегінде Қазақстанның да астық экспортына салқынын тигізіп, бұрын қазақтың бидайын сатып алып келген кейбір елдер Ресейдің арзан бидайын сатып алды да, Қазақстанның бидайға жаңа аларман іздеуіне тура келді. Кейбір сарапшылар сатылмай қалған Ресей бидайы Қазақстанға кіріп, елімізде астықтың бағасы төмендеп, егіншілердің бидайы өтпей қалуы мүмкін деген болжам да жасап отыр. Мүмкін бұл тығырықтан шығу үшін Қазақстанның бидайы өңдеп сатуға күш салғаны абзал шығар...

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### МЫҒЫМ ШЕПТІ БҰЗЫП ӨТТІ

АҚШ-тағы соғысты зерттеу институты (ISW) Украина әскері Запорожье облысының оңтүстік-шығысында Ресейдің үлкен қорғаныс шебін бұзып өтті деп мәлімдеді.



Украина қарулы күштері де Ресейдің Запорожье облысындағы қорғанысының бірінші шебін бұзып өткенін мәлімдеген. Бұл шепті бұзуға Ресейдің жерлерді миналап тастағаны кедергі келтіріп келген еді. Миналанған даланы тазалау үшін бірнеше апта кетті. ISW дерегінше, Украина әскері Запорожье облысы Орихов қаласындағы Ресей қорғанысынан өткен. Киев күштері енді Мелитополь қаласына жетіп, одан Ресей мен аннексияланған Қырым түбегін жалғап жатқан көпірге баруды жоспарлап отыр дейді америкалық институт.

### ЖҰРТТЫ ТАҢ ҚАЛДЫРҒАН КӨРМЕ

Альберт Эйнштейн ашылу салтанатына қатысып, лентасын қиған «электроника» көрмесі осы күндері Германияның Берлин қаласында өтіп жатыр. Замануи технологиялық жәрмеңкеге бұл жолы 48 мемлекеттің өкілдері өз өнімдерін әкелген.



Аумағы 130 мың шаршы метр болатын ауқымды жәрмеңкеде 26 павильон бар. Ұйымдастырушылар «Ақылды үй» тұжырымдамасын негізге алған. Топ басында әдеттегідей Германия, Жапония және Оңтүстік Корея компаниялары ұсынған өнімдер тұр. Ал сұрақтарға жауап бере алатын роботтар келушілерді ерекше таңқалдырды.

### БЕТТІ ТҰМШАЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛДЫ

Өзбекстанның Олий Мәжілісі елдің Қылмыстық кодексіне және Әкімшілік жауапкершілік туралы кодексіне өзгеріс пен толықтыру енгізетін заң жобасын мақұлдады. Заңда бетті тұмшалайтын киім киюге, көп әйел алуға тыйым салынды.



Айта кетейік, қызметтік міндетін атқаратын мамандарға бет-бейнені тұмшалайтын киім киюге тыйым салынбайды. Бұдан бөлек, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде, спорттық және өзге де мәдени-бұқаралық іс-шаралар кезінде, заңмен рұқсат етілген өзге де жағдайларда қолданылатын арнайы бас киімдерге тыйым қарастырылмаған.

№106 (4539) 07/09/2023 Бейсенбі

# ІШКІ ТУРИЗМНІҢ ІЛКІМДІ ҚАДАМЫ

Жаз басталса туризм мәселесі БАҚ-тағы басты тақырыпқа айналады. Себебі саланың артықшылығы мен кем-кетігі, дамуы мен кенже қалуы осы маусымда айқын көрініс тауып, саяхаттаған ел әлеуметтік желіде соны жарыса жазады. Қазақстанда ішкі туристер саны былтырғы көрсеткіш бойынша 8,9 млн адам болды. Ал биыл қалай? Жалпы Қазақстан туризмінің бүгінгі дамуы мен болашағы туралы «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат АМАНБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



**– Қазақстан туризмін дамытпай отырған қандай ең басты өзекті мәселелерді атап айтар едіңіз?**

– Еліміздегі туризм саласы тек соңғы жылдары ғана алдыңғы қатарға шығып келеді. Оған дейін туристік инфрақұрылым мәселелеріне қажет ететін деңгейде көңіл бөлінбегені анық. Қазақстанның түкпір-түкпірінде туристерге қызықты жерлер әлбетте көп. Оның барлығын бір кезде дамыту бюджетке айтарлықтай жүктеме түсіретінін де ескеру керек.

**– Дегенмен бар мәселелерді шешу үшін қандай жобалар, шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда?**

– Биыл қабылданған салалық Тұжырымдамаға сәйкес бірінші кезеңде қазірдің өзінде жаппай туристерді қабылдау қабілеті жоғары туристік аймақтарды дамыту қолға алынды. Жыл сайын туристердің жайлы демалуына жағдай жасалып келеді. Осы жазғы туристік маусым басталар алдында Туризм және спорт министрлігі туристік аймақтардың дайындығына мониторинг жүргізген болатын. Мониторинг аясында «қосымша» инфрақұрылымға басты назар аударылды. Әкімдіктердің мәліметінше, негізгі демалыс орындарында қолда барға қосымша урналар, контейнерлер және тағы басқа 700-ден астам «қосымша» инфрақұрылым пайда болды.

**– Ел туризмін дамытуға жылына қанша қаржы, қандай салаларға бөлінеді?**

– Туристік саланы дамыту аясында Үкімет тарапынан 2019 жылдан бері бөлінген 170 млрд теңгеге 118 инфрақұрылымдық жоба іске асырылды. Оның ішінде 50 жоба – көлік инфрақұрылымы, 10 – электрмен жабдықтау, 2 – жылумен қамтамасыз ету, 1 – инженерлік инфрақұрылым, 22 – сумен жабдықтау, су тарту және 33 жоба – аумақты абаттандыру бағытында болды.

**– Қазақстанда туризмді қарқынды дамыту үшін қаржы аз бөлінеді дедіңіз? Сонда қанша қаржы бөлінсе мәселелер толық шешіледі?**

– 2021 жылдан бері туризмді дамыту бағытында көршілес елдер қомақты қаражат жұмсап келе жатқанын білеміз. Алдағы жылдары Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия, Армения туризм маркетингіне инвестицияларды едәуір күшейтуді жоспарлап отыр. Егер жыл басынан бері Қазақстан тек 2 халықаралық көрмеге қатысса, Өзбекстан мен Әзербайжан 6, ал Қырғызстан 8 халықаралық көрмеге қатысты. Өзбекстан 2023 жылға елдің брендін әзірлеуге және әлемдік медиа арналарда елдің жарнамасын ұлғайтуға 9 млн АҚШ доллар, яғни 4 млрд теңге қарастырған. Әзербайжан туризмі бойынша бюджеті шамамен 24 млн еуроны, яғни 7,4 млрд теңгені құрайды. Оның шамамен 60%-ы маркетинг, PR, жарнамаға кетеді. Сондай-ақ, Starring Georgia науқаны аясында Грузияда 27,7 млн АҚШ доллары, яки 12,5 млрд теңге сомасына танымал шетелдік әртістер мен өнерпаздардың концерттері өтеді.

Сыртқы туризмді дамыту бойынша қаражаттың шектелуін ескере және неғұрлым қолайлы форматтарды таңдай отырып, мақсатты нарыққа күш-жігер жұмсап жүрміз. Сондай-ақ, жарнамалық пакеттер кем дегенде 1 миллион АҚШ долларынан басталатын BBC және CNN сияқты сайттарда жарнамамыз жоқ. Жалпы бәсекелестікке дайын болу үшін туризмді дамыту бағытында кем дегенде жылына 3 млрд теңге жұмсауды қарастыру керек.

**– Қазақстан туризмінің басты ерекшелігі неде?**

– Еліміз халықаралық туристік картада өзінің экобағыты бойынша ерекшеленеді. Қазақстанда 14 ұлттық парк бар, ал жалпы ерекше қорғалатын аймақтардың аумағы Ұлыбритания аумағымен тең екен. Қазақстан экотуризм бойынша бірқатар ірі шетелдік басылымдарда да аталып өткен. Мәселен, әйгілі Lonely Planet басылымының нұсқасы бойынша экотуризм бағытында туристік «Оскар» алған болатынбыз.

**– Бір сөзіңізде Қазақстан туризмін ерекше бағытта дамыту үшін тау шаңғы спортын жолға қою керек дедіңіз. Бұл салада қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– Біздегі тау шаңғы курорттарының сапасы Европадағы демалыс орындарымен деңгейлес, ал бағасы 2-3 есе арзан. Сол себепті бізге Европа және ТМД елдерінен шаңғы тебуге көп турист келеді. Шаңғы туризмін бұдан әрі дамыту мақсатында мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отыр, яғни тау шаңғы жабдықтарын сатып алу кезінде оған кеткен шығынның 25%-ы қайтарылады. Одан бөлек біздің халықаралық жарнамаларда тау шаңғы туризмінің мүмкіндіктерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

**– Шетелдіктерді көбіне еліміздегі қай туристік нысан қатты қызықтырады?**

– Осы жылдың 7 айында еліміздегі қонақ үйлерде 730 мың шетелдік турист демалып, олардың басым бөлігі немесе 35%-ы Алматы қаласына тоқтаған. Оларға мұндағы тау шаңғы курорттары, әдемі табиғат, қолайлы климат және қонақжайлылық ұнайды. Осы және басқа да артықшылықтарға ие Алматы – еліміздің ең басты туристік қаласы. Біздің сарапшылардың айтуынша, Алматы қаласының ең танымал туристік нысандары – Шымбұлақ, Медеу, Көктөбе, Атакент, Ботаникалық бақ және Орталық саябақ.

**– Көп қазақстандық туристің айтатыны – әжетхана мәселесі. Бұл мәселе неге шешімін таппай тұр?**

– Соңғы бір-екі жылдықта туристік әлеуеті жоғары аймақтарда 200-ден аса жаңа санитарлық тораптар ашылған болатын. Оның үстіне демалыс орындарында осы және алдағы жылы 300 әжетхана салынады. Бірақ бұл сұрақты тек мемлекет емес, жеке кәсіпкерлер де шешуге үлесін қоса алады. Қалай? Өткен жылдан бері мемлекет туристік аймақтарда орналасқан әжетханаларды күтіп ұстауға ай сайын 83 мың теңгеден төлем жасауға дайын. Ол үшін кәсіпкерлер жергілікті әкімдіктерден толық ақпарат ала алады.

**– Елімізге келетін сыртқы және ішкі туристер саны, туризмнен түсетін табыс көлемі қандай?**

– Жаһандық коронавирустық пандемия саланы ең үлкен дағдарысқа әкеліп соқты. Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) мәліметтері бойынша халықаралық туризм тек 2024 жылда қалпына келеді деп болжануда. Алайда, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда пандемияға дейін жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілді. Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, өткен жылдың қорытындысы бойынша ішкі туристер саны 2021 жылмен салыстырғанда 1,7 млн адамға артып, 8,6 млн адамды құрады. Аталған сан пандемияға дейінгі деңгейден 2 млн адамға көп. Биыл кемінде 9 млн турист болады деп отырмыз. Қонақүйлерде қызмет көрсетілетін шетелдік туристер саны 2021 жылмен салыстырғанда 3 есеге артып, 928 мың адамды құрады. Орналастыру объектілері 182,9 млрд теңге сомасына қызмет көрсетті, бұл 2021 жылдың қорытындысы бойынша 70 млрд теңгеге артық. Қызмет көрсету көлемі де 2019 жылдың қорытындысынан 60 млрд теңгеге асып түсті. Биылғы қорытынды бойынша бұл көрсеткіш шамамен 200 млрд теңге болады деп күтілуде. Қонақүйлер саны 284-ке артып, 4 мыңға жуықтады. Бұл ретте қонақүйлердің рекордтық толымдылығы 31,1% мөлшерінде тіркелді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық парктерге келушілердің саны рекордтық көрсеткішке жетті. 2021 жылмен салыстырғанда олардың саны 400 мың адамға артып, келушілер саны 2 млн астам адамды құрады.

**– Елімізде туризм 4 бағытта дамуда дедіңіз. Сол туралы толық ақпарат берсеңіз.**

– Отандық туризм келбетін «4E» тұжырымдамасымен сипаттауға болады, олар: eco, ethno, events, entertainment. Мысалы «eco» бағытына еліміздің бірегей ұлттық парктері кіреді. Әсіресе, Алматы маңайындағы ұлттық парктерге сұраныс көп. Бұл бағытта соңғы жылдары америкалық жүйе қолданылып келеді. Ол бойынша парктерге инвесторлар тартылып, туристерді қабылдауға қолайлы жағдай жасалуда. Мәселен, туристерге қажетті ақпарат беріп, туристік қызмет көрсететін визит орталықтар, стандартталған тораптар, көлік тұрақтары, жатын және тамақтанатын орындар, заманауи әжетханалар, т. б. Одан бөлек, соңғы жылдары табиғат төңірегінде жайғасқан экостильдегі глэмпинг орналасу орындарының пайда болу үрдісі байқалады.

«Ethno» бағытында басты назар – біздің қолөнершілерімізде. Олар үшін ірі қалаларда орталықтар ашылып жатыр. Мысалы, Астана қаласындағы Ұлттық мұражайда қолөнершілерге арналған жеке павильон бар. Осы бағыттың аясында гастрономиялық мүмкіндіктер де шетелдік туристерге кеңінен насихатталады. Қазіргі уақытта бірқатар ұлттық тағамдар ұсынатын тамақтану орындары ашылып, туристерге ерекше әсер беретін өнімдерді әзірлейді.

«Events» құрамында «meetings, incentives, conferences, exhibitions» деген ұғымдар бар, бірігіп олар MICE деп аталып, іскерлік туризм бағыты болып танылады. Елімізде халықаралық іс-шаралар неғұрлым көп өтсе, соғұрлым іскер туристер көп келеді. Ал сарапшылардың байқауынша, іс-сапар мақсатымен келетін туристер ең қалталы туристер санатына жатады екен. Сол себепті, Kazakh Tourism халықаралық ұйымдардың іс-шараларын елімізге биддинг арқылы тартады. Осы жылдың өзінде Қазақстанда Enactus Kazakhstan National Expo 2023, TRAVELHUB Kazakhstan, BIZZ Eurasia, INQAAHE, 17-ші Азия өңірлік конференциясы өтті. Ал оларға қатысқан адам саны 2100-ден асты.

«Entertainment» бағытында қалалық турлар аясында даму мүмкіндігі мол. Әсіресе, Алматы мен Астана қалалары және олардың маңайында орналасқан туристік нысандар шетелдік туристердің көбін қызықтырады. Мәселен, Қытай, Үндістан, Араб елдері азаматтары осындай форматтағы демалысты ұнатады. Қытай азаматтары осы екі қаланың ірі сауда орталықтарына барып шоппинг жасауды қатты ұнатса, ал Үндістан мен Араб елдерінен келген туристер Алматының тау шаңғы курорттарына қызығады. Бұл бағытқа ойын-сауық дестинациялар да, яғни Бурабай және Қонаевта орналасқан казинолар қатысты.

**– Туризм саласын дамытуға арналған қандай бағдарламалар бар?**

– ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысымен ҚР-ның туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасы бекітілді. Қазіргі таңда бұл қолданыстағы басты стратегиялық құжат. Ал жалпы туризм мәселелері Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасында қарастырылған.

**– Сіздің акционерлік қоғамның құзырына кіретін, қамтитын қызмет ауқымы қандай?**

– Бастапқыда компания екі негізгі міндетті шешу үшін құрылды. Олар: шетелде туристік әлеуетті ілгерілету және салаға инвестиция тарту. 2019 жылы «ҚР-дағы туристік қызмет туралы» ҚР Заңында компанияның өкілеттігі бекітіліп, оның шеңберінде келесідей функциялар қосылды. Атап айтқанда, сырттан келетіндер және ішкі туризмді дамытуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды жүзеге асырады, ҚР және оның туристік мүмкіндіктерін халықаралық және ішкі туристік нарықтарда, оның ішінде ұлттық туристік порталды пайдалану және дамыту жолымен дамытады. Халықаралық және ішкі туристік нарықтарда ұлттық туристік брендтерді әзірлейді және дамытады, бекітілген қағидаларға сәйкес олардың тізілімін қалыптастырады. Туристік салада маркетингтік стратегияны әзірлейді, оны іске асыруды үйлестіреді және мониторинг жүргізеді. Туристік ресурстарды құруға және дамытуға қатысады. ҚР-ның туристік әлеуетіне талдау жасайды.

**– Сұхбатыңызға рахмет!**

**Туристік саланы дамыту аясында Үкімет тарапынан 2019 жылдан бері бөлінген 170 млрд теңгеге 118 инфрақұрылымдық жоба іске асырылды. Оның ішінде 50 жоба – көлік инфрақұрылымы, 10 – электрмен жабдықтау, 2 – жылумен қамтамасыз ету, 1 – инженерлік инфрақұрылым, 22 – сумен жабдықтау, су тарту және 33 жоба – аумақты абаттандыру бағытында болды**

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

# ШЫҒЫСҚА САЯХАТТЫҢ ШИПАСЫ МОЛ

Шығыс Қазақстандағы туризмді айтқанда, бірден Қатон-Қарағай ұлттық паркі, Марқакөл қорығы ауызға оралады. Табиғаты сұлу, жер бедерінің құрылысы өте күрделі өңір көрген көзді тамсандырып, талайларды таңдай қақтырады. Дегенмен елдегі барлық туристік нысанға тән мәселелер мұнда да бар. Соған қарамастан өңірде демалушылар қатары соңғы жылдары артып келеді. Туристер сұранысына қарай мұнда жету қиын жоталарға, таулар арасына тереңдей орналасқан шипалы, таза сулар мен орындарға апарып-келетін, жалпы саяхатты ұйымдастыратын туристік компаниялар баршылық.



Облыстың 9 ауданы болса, еліміздегі атақты туристік нысандар соның біразында орналасқан. Алтай, Глубокое, Зайсан, Қатонқарағай, Күршім, Самар, Тарбағатай, Ұлан, Шемонаиха аудандарында тек қазақстандық қана емес, сонымен қатар әлемдік туристік нарықта әлеуеті бәсекеге қабілеттілігін көрсете алатын айрықша табиғи-географиялық, климаттық, бальнеологиялық, мәдени-тарихи ресурстар бар. Сондықтан өңір туристік әлеуеті жағынан Алматы мен Астана қалаларынан кейін 3-орынды иеленеді. Туристік кластер әсіресе облыстың солтүстік және шығыс бөліктерінде дамыған.

Табиғат сұлулығынан басқа тарихи және мәдени объектілерге бай, шипажайлары мен емдеу орындары көп Қатон-Қарағай ұлттық саябағы – туристер жиі баратын нысан.

Сонымен қатар олар ШҚО бойынша 1300 км жол жүрілетін автотур саяхатын ұйымдастырады. Бұл 7 тәуліктік автотур құны – 200 мың теңге. Аталған қаржыға тамақтану, асты биік автокөлікті жалға алу, шығыс аспазының қызметтері, Қатон-Қарағай паркіне және Марқакөл қорығына кіру билеттері, қонақүйлер мен үйлерді жалға алу, шекара маңындағы аумақта құжаттарды ресімдеу, гид қызметі және туристік жабдықтарды жалға алу кіреді. Сапар кезінде туристер Киін-Keріш, Шекілмес, Марқакөл, Қатон-Қарағай, Рахман қайнары, Қаракөл көліне барады.

Әсем табиғат аясында, сауықтыру кешендерінде денсаулықты жақсартып немесе тау-шаңғы курорттарында керемет демалыс өткізуге мұнда мүмкіндік мол. Сонымен қоса облыс орталығы – Өскемен қаласын да көлік және сауда жолдарының торабында оңтайлы орналасуына байланысты «Таулы Алтайдың қақпасы» деп атайды. Шығыс Қазақстан облысына сапарға аттансаңыз, бұл ғажайып қаланы аралауды да жоспардан тыс қалдырмаңыз. Туристік әлеуетіміз осындай жоғары бола тұра әлем халқы бізді туристік мақсатпен баруға тұратын ел ретінде әлі де өте аз біледі. Кейбір сарапшылардың айтуынша, туристік саланың дамуының төмен деңгейі елдің туристер үшін жағымды имиджін қалыптастыру мәселесіне қатысты ғылыми зерттеулердің жоқтығымен де тікелей байланысты.

№106 (4539) 07/09/2023 Бейсенбі



# ТОЙЫМЫЗ ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?

Қазір бізге ғасырлардан ғасырларға жеткен дәстүрлі дүниетанымымыз, салт-санамыз, рухани мұрамыз түрлі өзгеріске ұшырады. Тарихтағы ақиқат өмір шындығынан алшақ кетіп барады. Жеке тұлға мен әлеуметтік ортаның тұтастанған қасиетін танытатын «Ел қатарлы болу», «Жұрт қатарлы болу», «Үй болу», «Көппен көрген ұлы той», «У ішсең – руыңмен» сияқты тұрақты тіркестер көшпенділерде ғана бар екен. Ықылым замандардан жеткен ата-бабалар талғамы, дәстүрі қазір мықтап өзгерді. Бұрын тек отбасы, ошақ қасында немесе ауыл арасында өткізілетін жанұялық мерекелер қазір өңіраралық, тіпті халықаралық деңгейде тойланатын болды.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

### ОРЫНСЫЗ ТОЙДЫ ТОҚТАТУ КЕРЕК

– Қазақта кейбір тойларды тоқтату керек. Үйлену тойы қалсын, жарайды. Қызды ұзатсын. Бірақ, кейіннен қосылған сүндет той, бесік той, сосын қаптаған туған күндер, мерейтойлар неге керек?! Сүндет тойды жасамай-ақ ата-бабамыз үйіне ауылдың ақсақалдарын жинап, батасын алмаушы ма еді?! Бесік той дегенде, бес кемпір жиналып, «тышты ма, тышты ма?» деп бес кәмпитті шашып, өлеңін айтып кететін еді, қазір зәулім сарай жалдап, қырғын қонақ шақырып, олар көлікпен шығып, кейбірі сол жолда асығамын деп опат болып, өкінішті жағдайға ұшырайтын болды… Тойға қайбір қуанғаннан келеді жұрт, ұялғаннан амал жоқ келеді, шығындалып кетеді, келу-кетуден, осыны жасаудан ұлттық құндылықтарымыз жаңғырып кетпесі анық, кері кетіп барамыз қайта… Тез арада қазағым қаптаған тойды тоқтатпаса, кері кеткені кеткен… Ойланайық! – дейді «Шаншар» театрының белді мүшесі, танымал актер, көпбалалы әке Жүсіп Ақшораев.

Шынында да көңіл көтерудің, өмірді қызықты өткізудің басы-аяғы осы деп түрлі тойды ойлап таптық. Тілашар той, тұсаукесер тойы, мектеп бітіру немесе әскерден келу тойы, тағы басқа толып жатқан тойлар бар. Өзгеден озамын деп өзеуреген қандастарымыз жөн сөзге де тоқтаудан қалып барады. Айтысып, жаға жұлысқанда өзге ұлттың бетпақ әйелінен басып озады… «Өзін аямаған адам өзгенің де бетін шиедей қылады» дегендей, салт-дәстүрді барынша бұрмалап, білгенімізді істеп бағудамыз…

### ТОЙ – БАРЫП ТҰРҒАН ШЫҒЫН

Той қай халықта да бар. Бетімізді ашып алайық, дәстүрге сіңген той-салтанатты қазақтан айырып алайын деп жатқан ешкім жоқ. Бірақ, проблема бар. Проблема – қып-қызыл шығында. Қаржылық сауат тұрғысынан алып қарасақ, сіз де, біз де той үшін шашылуға дайынбыз. Ал, осы дұрыс па?

Бала – үйленем, қыз – тұрмыс құрам десе, ішер асымызды жерге қоя, өре тұра келетін елміз. Бәрімізді «баламның бір тойын жасап бере алмасам, жұрт не дейді» деген намыс қайрайды. Сол «намыстың» күшімен эмоцияға ерік беріп, банктен қалай шыққанымызды білмей қалып жатамыз. Ол кезде банктің кредит үстіне қосып беретін пайызы маңызды емес. Маңыздысы – банк берген ақшаның қолға тигені. Кімнен жасырамыз, көпшілік үшін қарызды еңсеру, қалай қайтарам деп ойлану – тойдан кейінгі шаруа. Тарихшы Айшуақ Дәрменұлы той үшін қарызға белшеден батып, өзіңе салмақ салу – жастарға да, отбасыға да обал дейді.

– Осыдан 10-15 жыл бұрын әрбір аялдамада миллион теңгені 5 минутта таратып бере қоятын қызметтер болған. 28% жылдық өсіммен. Мысалы, сіз 1 млн теңге аласыз, оны 3-3,5 млн қылып қайтарасыз. Өте сұмдық нәрсе. «Отауын сайламай, басқасын сайлады» деп қазақ баяғыда айтып кеткен. Сондықтан, қаржылық сауат мәселесі тұрғысынан қарасаңыз, бұл өте тиімсіз дүние. Жазушы Бақытжан Момышұлының «тұрмыс есіктен қарағанда, махаббат терезеден секіріп кетті ме, қалқам?» дейтін бір сөзі бар еді. Сондай бір тұрмыстың қыспағына ұшырап, ажырасып кеткен отбасыға айтқан әңгімесі еді. Сондықтан, бұл күлкі қылатын нәрсе емес. Асықпай ойланатын дүние, – дейді тарихшы Айшуақ Дәрменұлы.

Сөйтіп, журналистер көтерген бастама билік үйлерінің дәлізінде айтыла бастады. Бізде халыққа кредит ұсынатын кім? Екінші деңгейлі банктер мен басқа да қаржы ұйымдары. Олардың үстінен қадағалайтын реттеуші орган – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл тұрғыда не ойлайды? Агенттік төрағасының орынбасары Олжас Қизатов Сенат қабырғасында журналистердің сұрағына былай деп жауап берген:

«Біз несиенің қандай да бір түрін беруге тыйым сала алмаймыз. Заң бойынша несиелеудің нақты түрлерін шектеуге құқығымыз жоқ. Бұл – банктің ішкі саясаты және оған араласуға біздің құқығымыз жоқ». Цитата аяқталады.

Демек, қаржы ұйымдары, банктер тойға кредит беруді тыйым салуға әзір дайын емес. Ал, тілшілер қауымы көтерген мәселе сарапшымыздың ойынан шыққан тәрізді.

– Журналистер де бірдеңені біліп айтады. Елдің жағдайын күнде көзбен көріп, құлақпен естіп жүр. Тойға шығын шығаруға шектеу қою немесе тыйым салу мәселесі – бұл проблеманың бергі жағы. Мұзтаудың төбесі дейміз бе. Ал, енді, оны тереңірек ойлап қарасаңыз, мүмкін, кейбір адамдар маусымдық жұмысын істейтін шығар, күздегі егіннің түсімінен үміт етіп отырған болар немесе бір жақтан кіретін табыс көзіне сеніп, кредит алатын шығар. Бірақ, жоспарсыз кредит алып той жасау, оңды-солды шашу – бұл дарақылық және жалған намыс. Енді әркімнің өз басы бар ғой. Қазір біреуге ақыл айтсаң, ауырып қалатын заман. Кейбір жағдайларды көріп жүрміз. Ұлан-асыр той жасайды, бір ай, екі айға жетпей, жастардың арасына жік түсіп жатады. Ол өте ауыр көрініс. Артында миллиондаған қарызы қалады, ортаға түскен шаңырақ қалады, – дейді Айшуақ Дәрменұлы.

Шындап келгенде, банктен қарыз алушы кредит рәсімдеу кезінде ол ақшаны қайда жарататынын айтпауға қақы бар. Айтса да, ол жеке тұлға мен банктің құпиясы саналады. Сондықтан болар, тілшілер қауымының бастамасы әзірге жоғары жақтан қолдау таппай тұр…

### ТОЙҒАН ТҮЙІН

Санамызды өресіздікпен, кемқадам ой-ниетпен әуезе болу – ұлттың тарихындағы қасіреттің зоры. Қазақ тарихи тағдыр-талайында талай өтпелі кезеңнен өтті, заманына қарай бейімделу арқылы халқымыз бір сападан ерекше екінші сапаға көшуі осындай ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтаудан басталады, бірақ әсіре тойлаушылық, әсіре ысырапшылдық ешкімге опа әпермесі анық. Кешегі ұлы дала халқы, тарихы тереңде жатқан көшпелілер ұрпағы – біздер тойда қисаландап, анайы билеп, есепсіз мақтау, қисапсыз ысыраппен тойларды өткізіп жүрміз. Кешегі көне, бай тарихы бар, ғажайып мәдениетіміз, төлтума туындыларымыз, бай тіліміз бар елміз ғой, қазір «кедей – байға, бай – Құдайға жетем деген» өзімшіл пендеге айналдық… Тоқтам жоқ, шүкіршілік жоқ. Небір алапат кезеңдерден өткен халқымыз жақсыға ұмтылудың орнына өтпелі кезеңдердің ең жаман қасиеттерін бойына сіңірді. Науқаншылдық, алауыздық, көре алмаушылық және тағы басқалары жетеді… Халқымыз өз болмысына сай өмір сүру дәстүрінен жаңылып, өзіндік төлтума қасиетін сақтағаны үшін ыңғайсызданатын күйге түсті… Бұл, әрине, қасірет…

Бұрын көпшілікке ұқсас болу, көптің істегенін істеу, көптің айтқанына көну, көптің қамын ойлау әрбір қазақтың өмірлік мұраты болатын. Қазіргі жағдай керісінше болып барады. Қазір адамдар өзінің өзгеге ұқсамайтынын, оқшаулығын мәртебе санайды. Қайтсем өзгеден артық ақша табамын деп, артық киінемін деп, артық дүние жинап, шашылып той жасаймын деп бар арман-аңсарын соған арнайды. Мұның өзі адамдар арасындағы мейірімді, тілеулестікті жоғалтып, орың орнына бәсеке-бақталастықты, күншілдікті, іштарлықты, қатыгездікті қоздырып отыр. Әр ұлт өзінің табиғи, тарихи болмысымен үндес төлтума қасиетін сақтай отырып, әлемдік үндестікке көшу арқылы ғана бақытты бола алатыны әмбеге аян.

Халқымыздың біртуар ұлы, жазушы Ақселеу Сейдімбек жазғанындай, халқымыздың мыңдаған жылдық тарихи тәжірибесін, мәдени-рухани қазынасын қаншалықты шалымдылықпен, өткелектен өткізе алсақ, біздің болашақ дамуымыз сол деңгейден көрініс табады.

## ТӘРБИЕГЕ АЙНАЛСА...

Бұрыны тойлар қалай өтуші еді? Бақ қонған елдің бай-бағландары қызықшылығына алыс-жақындағы ел жақсылары мен құда-жекжатты, ағайын-туысты шақырып, қазан көтеріп, ат шаптырып, балуан белдестіріп, ақындарды айтыстырып, жиын-той жасайтын. Бір жағы, зекет берудің формасы ретінде қабылданды. Сосын тойда қызмет ететін ауыл-аймақтағы кедей-кепшікке «бір тойып же!» деген ниетте бөлек дастархан жайған-ды. Яғни «тойып же!» деп бұйрықраймен айтылған тіркес-тұғын.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Сондықтан болар, тарихтан «пәленше деген кедей ұлан-асыр той жасады» деген сөз жоқ. Мұндайды «Бес ғасыр жырлайдыдағы» жыраулар поэзиясынан да, «Бабалар сөзі» қазақ фольклорының 100 томдығы жинағынан да таппайсыз. Кедейлер көрші-қолаң, жақын ағайынды шақырып, кішігірім ас беріп, үлкендердің батасын алғанға ұқсайды. Есесіне, ауыз әдебиетінде «отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасаған байлар көптеп кезігеді.

Мәселен, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында:

– Білмеймін кім екенін Сағынайдың,

Кім білсін, қай жыл өтті, өлді қай күн?

Малы мол, малайы көп, қатыны көп,

Әйтеуір болуы анық, бірі байдың, – дейтіні бар.

Прагматизм қағидасының түпкі мәні шама-шарқына қарай әрекет қыл дегенге саяды. Біздің бабаларымыз мұны жақсы ұстанды. Тек оның парқын біз түсіне алмай жүрміз. Ең өкініштісі – осы!

Өйткені той жасаған бай өзінің 100 жылқысының онын шығындаса, ешнәрсесі кетпейді, ал кедей үш жылқысының біреуін тойға атаса, қатты шығындалады. Қазіргі тойхана мен мейрамханалар кімдікі? Банктер ше? Бәрі байлардыкі. Кедей не істейді? Банктен кредит алады, сосын екінші байдың тойханасына төлейді. Айналып келгенде бай байып жатыр, кедей кедейленіп жатыр. Неге? Қоғамдағы әлеуметтік тепе-теңдікті бәсекелестік бұзды. Қазір мейрамхана шығынынан бөлек асаба мен әншілер шақырып, кортеж жалдауға миллиондаған қаржы жұмсалады.

Осы жерде ысырапшылдыққа, көзбояушылыққа, қанағатсыздыққа жол ашылатындай. Сосын не баспанасы жоқ, не тұрақты жұмысы жоқ, кредитке өмірі байланған жастар жараса алмай, ажырасып жатады. Тіпті, үйленгеннің жартысының дәм-тұзы жараспайды. Әрине, бұған әртүрлі әлеуметтік мәселе түрткі болуда. Дегенмен, қарызға, кредитке жасалған тойдың да жанама әсері бар. Оны мойындау керек.

